



Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Сауд Арабиясы Корольдігінің Үкіметі арасындағы жел электр станциясы жобасын іске асыру туралы келісімге қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 23 қарашадағы № 1029 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Сауд Арабиясы Корольдігінің Үкіметі арасындағы жел электр станциясы жобасын іске асыру туралы келісімнің жобасы мақұлданын.

2. Қазақстан Республикасының Энергетика министрі Алмасадам Майданұлы Сәтқалиевқа Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Сауд Арабиясы Корольдігінің Үкіметі арасындағы жел электр станциясы жобасын іске асыру туралы келісімге қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан қол қоюға өкілеттік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

Ә. Смайылов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2023 жылғы 23 қарашадағы
№ 1029 қаулысымен
мақұлданған
Жоба

Мазмұны

Бет

I Бап Мақсаты және іске асырылуы

II Бап Жобаның құқықтық негізі

III Бап Жобаларды іске асырудағы негізгі шарттар

IV Бап Еңбек қатынастары

V Бап Салық салу

VI Бап Инвестициялық режим және экспроприация

VII Бап Еркін қозғалыс

VIII Бап Басқа да жеңілдіктер мен босатулар

IX Бап Күшіне енуі, өзгерту, қолданылу мерзімі және дауларды шешу

1-қосымша Анықтамалар

2-қосымша Жел электр генерациясы саласындағы ACWA Power компаниясы жобасының сипаттамасы

Осы Үкіметаралық келісім (бұдан әрі – "Келісім") " ____ " _____

(1) Қазақстан Республикасының Үкіметі (бұдан әрі – "**Қазақстан Үкіметі**"), соның ішінде оның сенім білдірілген тұлғалары мен цессионарийлері; және

(2) Сауд Арабиясы Корольдігінің Үкіметі (бұдан әрі – "**Сауд Арабиясы Үкіметі**"), соның ішінде оның сенім білдірілген тұлғалары мен цессионарийлері арасында жасалды.

Мыналарды:

(1) Сауд Арабиясы Корольдігінің Энергетика министрлігі мен Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі 2023 жылдың 12 маусымында қол қойған бірқатар салалардағы, соның ішінде энергетика саласындағы (мұнай және табиғи газ және олардың туындылары, мұнай өңдеу, мұнай-химия, электр энергиясы, таза сутегі, жаңартылатын энергия көздері, энергия тиімділігі және энергияны сақтау), сондай-ақ энергетикалық салаларға қатысты өзара келісілген кез келген басқа салаларды қолдайтын Өзара түсіністік туралы меморандумды (бұдан әрі – "**Меморандум**"). Тараптар осы Өзара түсіністік туралы меморандум шеңберінде өзара келісілген қызмет түрлері мен тараптардың оларға қатысу тәсілдерін, сондай-ақ қаржылық аспектілерді қоса алғанда, олармен байланысты ережелер мен кезеңдерді, сондай-ақ қажет болуы мүмкін кез келген басқа келісімдерді. анықтайтын тәуелсіз бағдарламаларды немесе қосымшаларды жасай алады.

(2) Сауд Арабиясы Корольдігі мен Қазақстан Республикасы арасындағы сауда, экономика, инвестиция және энергетика салаларындағы әртүрлі екіжақты келісімдер мен декларацияларда көрініс тауып отырған дәстүрлі достық дәнекерін, жақсы қарым-қатынас пен көпжақты ынтымақтастықты;

(3) Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі мен ACWA Power Компаниясы арасында Джидда қаласында қол қойылған жаңартылатын энергия көздерін пайдалану, экологиялық тұрғыдан таза сутекке қол жеткізу, энергия тиімділігі, энергетикалық ресурстарды жинақтау және дамыту салаларындағы ынтымақтастыққа жәрдемдесетін 2022 жылғы 24 шілдедегі Энергетика саласындағы өзара түсіністік туралы меморандумды;

(4) тараптардың энергетика саласындағы өзара қарым-қатынастарын нығайтуға және тереңдетуге, өздерінің энергия көздерін әрараптандыруға, сондай-ақ жаңартылатын энергия көздерін, инновациялық жасыл технологияларды дамытуға және олардың тиімді пайдаланылуына ықпал етуге ниеттенуін;

(5) Қазақстан Республикасының жаһандық жылынуға қарсы күресу саласындағы алға қойған мақсаттары мен жүргізіліп жатқан саясатын, оның ішінде жаңартылатын энергия көздері саласындағы жобаларды іске асыру және технологияларды беру есебінен 2060 жылға қарай көміртегі бейтараптығына қол жеткізуін; және

(6) Сауд Арабиясы Корольдігі мен Қазақстан Республикасының компаниялары арасындағы әртүрлі салалардағы, соның ішінде электр энергетикалық сектордағы тығыз ынтымақтастықты, сондай-ақ осы салада жүзеге асырылып жатқан серіктестіктер мен жобаларды ескере отырып,

Осылайша, осы Келісімде баяндалған өзара уағдаластықтар мен міндеттемелерді ескере отырып, Тараптар осы арқылы мыналар туралы келісті:

I Бап

Мақсаты және іске асырылуы

1.01-бөлім. Осы Келісімнің мақсаты – Тараптар арасындағы жаңартылатын энергия көздерін, жасыл технологиялар мен инновацияларды пайдалану саласында Қазақстанда ынтымақтастықты дамыту, сондай-ақ Жобаны әзірлеу мен іске асыруды қоса алғанда, оны дамытуға жәрдемдесу арқылы жаһандық жылынуға қарсы шараларды жүзеге асыру. Атап айтқанда, осы Келісім энергетикалық қауіпсіздік, жасылға көшу және шығарындыларды азайту салаларындағы әрбір Тараптың мақсаттарына, басымдылықтары мен міндеттемелеріне қол жеткізуге ықпал ететін көлемдегі және сипаттамадағы жобаларды әзірлеуге жәрдемдесуге бағытталған. Тиісінше, осы Келісім жоғарыда баяндалған Тараптардың мақсаттарына қол жеткізуге тиімді және айтарлықтай үлес қоса алатын, энергияны, соның ішінде электр энергиясын өндіруге және жинақтауға бағытталған, жаңартылатын энергия көздерімен, жасыл технологиялармен және инновациялық жобалармен байланысты ірі жобаларға қолданылады (бұдан әрі олардың әрқайсысы "**Жоба**" деп аталады).

1.02-бөлім. Тараптар осы Келісімнің жүзеге асырылуын қамтамасыз ету үшін жүйелі консультациялар өткізу және келісілген әрекеттерді орындау қажеттілігімен келіседі. Бұл үшін Тараптар осындай консультациялар өткізу мен келісілген әрекеттерді орындау үшін тиісті түрде уәкілеттік берілген өкілдерді тағайындайды.

II Бап

Жобаның құқықтық негізі

2.01-бөлім. Тараптар соның шеңберінде Жобалар іске асырылатын құқықтық, заңнамалық және нормативтік негіздің айқындығын қамтамасыз етеді.

2.02-бөлім. Қазақстан Үкіметі қажет болған кезде әрбір Жобаның ауқымы мен ерекшелігін ескере отырып, сондай-ақ жаңартылатын энергия көздерінің техникалық, инновациялық және дамушы сипатын ескеріп, Жобаларды әзірлеуге мүмкіндік беретін құқықтық негізді қабылдауға келіседі.

2.03-бөлім. Аумағында Жобалар жүзеге асырылатын Тарап ретінде Қазақстан Үкіметі Әзірлеушімен (және мән-жайларға қарай, Жобалау компаниясын қоса алғанда, Жобаларға басқа да қатысушылармен) келіссөздер жүргізіп, Жобаларға қатысты қолданылатын талаптар көрсетілетін келісімдер мен келісімшарттарды (бұдан әрі – "**Жобалау құжаттары**"), соның ішінде Жоба шеңберінде электр энергиясын өндіруге қатысты "Жаңартылатын энергия көздерін қолдау жөніндегі қаржы-есеп айырысу

орталығы" ЖШС-мен (бұдан әрі – "**Сатып алушы**") электр энергиясын сатып алу-сату шартын (бұдан әрі, ықтимал өзгерістердің есепке алынуымен – "**Электр энергиясын сатып алу-сату шарты**") жасасуға міндеттенеді.

2.04-бөлім. Қазақстан Үкіметі Жобалау құжаттары:

(a) Қазақстан Республикасының құқығымен реттелуге (қолданылатын құқық Англия және Уэльс құқықты болуға тиіс Жобаларды қаржыландыруға қатысты Жобалау құжаттары, Электр энергиясын сатып алу-сату шартын және Инвестициялар туралы келісімді қоспағанда);

(b) Халықаралық Сауда Палатасының Төрелік Регламентіне сәйкес дауларды шешу ережелерін ескеруге; және

(c) тиісті Жобаға ұқсас жобаларға арналып халықаралық тұрғыдан танылған стандартты нарықтық практикаға сәйкес Жобаларды қаржыландыру туралы ережелерді қамтуға тиіс екендігімен келіседі.

2.05-бөлім. Жобаларды:

(a) тиісті Жобаны іске асыру үшін қаржылық және техникалық мүмкіндіктері бар; және

(b) жаңартылатын энергия көздері саласындағы жобаны (жобаларды) құруда, инвестициялауда, қаржыландыруда және басқаруда расталған тәжірибесі бар тұлғалар (бұдан әрі – "**Әзірлеуші**") іске асыруға тиіс.

Күмән тудырмас үшін, "**Әзірлеуші**" термині Жобалардың кез келген және барлық бірлескен әзірлеушілері мен белгілі бір Жобаны жүзеге асыру мақсатында құрылуы мүмкін Жобалау компаниясын да қамтиды.

2.06-бөлім. Тараптар осы арқылы мына мемлекеттік органдарға осы Келісімнің ережелерін орындау бойынша өзара әрекет жасауға және сол ережелердің орындалуын бақылауға, сондай-ақ Жобалау құжаттары талаптары мен ережелерін келісуге, соның ішінде тиісті шарттардың бекітілген үлгілік нысандарының талаптары мен ережелеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізуге, күшін жоюға, өзгертуге немесе өзге де жолмен түрлендіруге:

(a) Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі – Қазақстан Үкіметінің атынан; және

(b) Сауд Арабиясы Корольдігінің Энергетика министрлігі – Сауд Арабиясы Үкіметі атынан уәкілеттік береді.

Уәкілетті мемлекеттік органдар өзгерген жағдайда Тараптар бұл туралы бір-бірін дипломатиялық арналар арқылы хабардар етеді және тиісті құқықтық мирасқорлықты қамтамасыз ету үшін барлық қажетті шараларды қабылдайды.

III Бап

Жобаларды іске асырудағы негізгі шарттар

3.01-бөлім. Қазақстан Үкіметі осы арқылы Сатып алушыға және өзге де тиісті Мемлекеттік органға жаңартылатын энергия көздеріне қатысты аукцион өткізбей және

Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да конкурстық рәсімдерді өткізбей, Әзірлеушімен Электр энергиясын сатып алу-сату шартын жасасуға уәкілеттік береді. Қазақстан Үкіметі Сатып алушының барлық қабылданған міндеттемелерді, оның ішінде барлық төлем міндеттемелерін тиісінше орындауын қамтамасыз ету үшін тиісті Мемлекеттік органдардың барлық қажетті нормалар мен ережелерді уақтылы әзірлеуін қамтамасыз етуге келіседі.

3.02-бөлім. Қазақстан Үкіметі Жобалардың техникалық, экономикалық және қаржылық аспектілерін ескере отырып, Әзірлеушіні Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген электр энергиясының теңгерімдеуші нарығына нақты уақыт режимінде қатысуға қатысты талаптардан босатуды қамтамасыз етеді.

3.03-бөлім. Жер құқығы

(а) Қазақстан Үкіметі Жобаларды іске асыру үшін қажетті барлық жер учаскелеріне жер пайдалану құқығының Әзірлеушіге қолайлы шарттарда және ешқандай ауыртпалықсыз және үшінші тұлғалардың құқықтарынсыз берілуін қамтамасыз етуге міндетті. 6.04-бөлімнің ережелерін ескере отырып, Қазақстан Үкіметі барлық жер учаскелері Әзірлеушіге сауда-саттық (аукцион) немесе Қазақстан Республикасының жер заңнамасында көзделген өзге де конкурстық рәсімдер жүргізбей берілуін қамтамасыз етеді.

(б) Әзірлеуші Жобаларды қаржыландыратын қаржы мекемелерінің пайдасына жер пайдалану құқығын кепілге беруге және осындай құқықтарға қатысты кепіл белгілеуге құқылы.

(с) Қазақстан Үкіметі Жобаларды іске асыру үшін қажетті жер учаскелері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекет мұқтажына арналған жер учаскелері ретінде қарастырылуға тиіс екенін растайды және онымен келіседі. Қазақстан Үкіметі Жобаларды іске асыру үшін қажетті жер учаскелерінің және (немесе) жер пайдалану құқықтарының тиісті жеке және заңды тұлғалардан (қолданылуына қарай) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекет мұқтажына арналған жер учаскелері және (немесе) жер пайдалану құқықтары ретінде алынуын қамтамасыз етеді.

3.04-бөлім. Елішілік құндылық

Әзірлеуші Қазақстан Республикасында мүмкін болатын және қолжетімді шамада отандық жеткізушілердің жұмыстары мен көрсетілетін қызметтерін, сондай-ақ жергілікті жерде шығарылған тауарлар пайдалануға және қаржы институттары қоятын талаптарды қоса алғанда, Жобалардың сапа, техникалық және басқа да талаптарын ескере отырып, оқшаулау мәселелерін зерттеуге бар күш-жігерін салады.

3.05-бөлім. Қазақстан Үкіметі:

Әрбір жағдайда тек қана кепіл мүлікті (*a non-recourse debt*) өндіріп алу құқығымен кредит беру негізінде Жобалардың банктік тартымдылығын қамтамасыз ету қажет болса,

(a) Сатып алушының белгілі бір қаржылық қолдауды (күмән тудырмас үшін, 2-қосымшада көрсетілген "Сатып алушының қаржылық қолдауын" қоса алғанда) сақтап қалуын;

(b) Сатып алушының Жобалау құжаттары сәйкес өз қаржылық міндеттемелерінің, соның ішінде шарттың бұзылғаны үшін сәйкес қолданыстағы құнды төлеу (немесе Сатып алушының төлеуін қамтамасыз ету) арқылы орындауын қамтамасыз етеді.

IV Бап

Еңбек қатынастары

4.01-бөлім. Қазақстан Үкіметі осы арқылы Жобаларды іске асыру үшін Әзірлеушіге және оның Мердігерлерінің кез келгеніне Жобалардың барлық аспектілерін және (немесе) кезеңдерін орындау үшін Шетелдік жұмыскерлерді жалдауға және тартуға рұқсат етілетінімен келіседі.

4.02-бөлім. Осы Келісімнің мақсаттары үшін "**Шетелдік жұмыскер**" Әзірлеушінің немесе оның кез келген Мердігерлерінің нұсқауы немесе өкімі бойынша Жобаларды іске асыру бойынша жұмыс істейтін және (немесе) қандай да бір жолмен оларға қатысатын Қазақстан Республикасының азаматы болып табылмайтын және Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхаты жоқ кез келген тұлғаны білдіреді.

4.03-бөлім. Қазақстан Үкіметі Жобаларды іске асырудағы бүкіл кезең бойы Жобаларға қатысатын барлық Шетелдік жұмыскерлерге берілетін визаларды рәсімдеумен уақтылы айналысады. Визалардың мұндай рәсімделуі және берілуі визаларды рәсімдеу мен беруге қатысты қолайлырақ шарттар көзделуі мүмкін Қазақстан Республикасы заңнамасының ережелерін қоспағанда, күшіне ену күніне қолданылатын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады. Осы 4.03-бөлім мақсаттары үшін "**Шетелдік жұмыскер**" термині көрсетілген Шетелдік жұмыскердің жұбайын және балаларын да қамтиды.

4.04-бөлім. Қазақстан Үкіметі Жобаларды іске асыру кезеңіне Қазақстан Республикасына көп мәрте кіру визаларын беруді және ұзартуды, уақытша резиденттерді тіркеуді және Жобаларға қатысатын барлық Шетелдік жұмыскерлерді болатын жері бойынша тіркеуді қамтамасыз етеді. Мұндай беру және рәсімдеу визаларды ұзарту мен тіркеулерге қатысты қолайлырақ шарттар ескерілуі мүмкін Қазақстан Республикасы заңнамасының ережелерін қоспағанда, Күшіне ену күніне қолданылатын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

4.05-бөлім. Барлық Шетелдік жұмыскерлер (жергілікті еңбек нарығында қолжетімді біліктілігі төмен жұмыскерлерді қоспағанда) тиісті Жоба бойынша құрылыс жұмыстары кезеңіне және тиісті Жоба пайдалануға берілгеннен кейінгі бір (1) жыл мерзім ішінде Қазақстан Республикасында жұмыс істеу үшін Шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат алуға қатысты талаптардан босатылады. Осы кезеңде Әзірлеуші және оның Мердігерлері тиісті Мемлекеттік органға әр жарты жыл сайын Жобаларға тартылған Шетелдік жұмыскерлердің саны туралы есеп беруге тиіс.

4.06-бөлім. Қазақстан Үкіметі визаларды беру процесіне жәрдемдесу және оны жеделдету үшін бірыңғай байланысушы тұлғаны тағайындайды.

V Бап

Салық салу

5.01-бөлім. Жобаларды іске асыруға жәрдемдесу мақсатында Қазақстан Үкіметі Жобалау компаниясына Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес салық және кедендік жеңілдіктердің берілуін қамтамасыз ету үшін барлық қажетті шараларды жүзеге асыруға тиіс. Қазақстан Үкіметі ИТК-ны (төмендегі 2-қосымшада анықтама берілгендей) бекіту шеңберінде Әзірлеушіге (Жобалық компанияға) преференциялар беру мүмкіндігін қарастыруға келіседі.

VI Бап

Инвестициялық режим және экспроприация

6.01-бөлім. Әзірлеушінің инвестицияларына әрдайым әділ және тең құқықты режим қолданылады және олар Қазақстан Республикасының аумағында толық қорғалады және қауіпсіздігі қамтамасыз етіледі. Қазақстан Республикасы өз аумағында Әзірлеушінің инвестицияларын басқаруына, ұстауына, пайдалануына, иеленуіне немесе билік етуіне ешқандай жолмен кедергі жасамайды және Әзірлеушінің инвестицияларына қатысты қабылдануы мүмкін кез келген міндеттемелерді сақтауға тиіс.

6.02-бөлім. Тараптар осы Келісімнің мақсаттары үшін және ИДРХО Конвенциясының мақсаттары үшін Әзірлеушінің "инвестор" екенін тікелей мойындайды. Сонымен қатар, Тараптар ИДРХО Конвенциясының 25(2)(b)-бабының және Қазақстан Республикасы заңнамасының мақсаттары үшін Әзірлеушінің Сауд Арабиясы Корольдігінің компаниясы болып саналатынын мойындайды.

6.03-бөлім. Қазақстан Үкіметі Әзірлеушінің Жобаға қатысуы және осыған байланысты Әзірлеушінің қолданған барлық әрекеттері, жасаған келісімдері және пайдаланып жатқан ақшалай қаражаты осы Келісімнің мақсаттары үшін ИДРХО Конвенциясының мақсаттары үшін және Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 29 қазандағы № 375-V Кәсіпкерлік кодексінің (бұдан әрі – "**Кәсіпкерлік кодексі**") 274-бабының мақсаттары үшін "инвестиция" болып табылатынын тікелей мойындайды және келіседі. Бұл ретте, "инвестиция" термині мыналарды қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей, активтердің, тауарлардың, құқықтардың барлық түрлерін қамтиды:

(а) қаржы лизингі нысанасын, сондай-ақ оларға құқықтарды қоса алғанда, заңды тұлғаның жарғылық капиталына немесе кәсіпкерлік қызмет үшін пайдаланылатын тіркелген активтерді ұлғайтуға инвестор салатын мүліктің барлық түрлері (жеке тұтынуға арналған тауарлардан басқа);

(b) жылжымалы және жылжымайтын мүлік, сондай-ақ ипотека, кепілзаттық құқық, узуфруктілер және ұқсас құқықтар сияқты кез келген басқа да заттық құқықтар;

(c) бір Тараптың аумағында құрылған компаниялардағы акциялар, қатысу үлестері, оның ішінде олардың миноритарлық немесе жанама нысандары;

(d) ақшалай қаражатқа немесе борыштық міндеттемелерге меншік құқығы, сондай-ақ экономикалық құндылығы бар міндеттемелердің орындалуын талап ету құқығы; және

(e) авторлық құқықтар, патенттер, лицензиялар, тауар белгілері, өнеркәсіптік үлгілер, техникалық процестер, ноу-хау, фирмалық атау және тауар белгісі сияқты зияткерлік, коммерциялық және өнеркәсіптік меншік құқықтары.

6.04-бөлім. Қазақстан Үкіметі Жобалардың Қазақстан Республикасы заңнамасының мақсаттары үшін, оның ішінде Кәсіпкерлік кодекстің 284-бабының мақсаттары үшін "инвестициялық жобалар" ретінде қарастырылатынын тікелей мойындайды және келіседі.

6.05-бөлім. Мұндай шаралар мемлекеттік немесе қоғамдық мақсаттар үшін кемсітпеу негізінде, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген шарттар мен рәсімдерге сәйкес және уақтылы, лайықты және тиімді өтемақы төленетін жағдайларды қоспағанда, Әзірлеушінің Қазақстан Республикасының аумағындағы инвестициялары экспроприациялауға, ұлт меншігіне алуға, реквизициялауға немесе балама әсері бар тікелей не жанама өзге де шаралар (бұдан әрі – "Экспроприация") қолдануға болмайды.

6.06-бөлім. Өтемақы Әзірлеушіге экспроприация туралы белгілі болған кезге дейін ("Бағалау күні") Экспроприацияланған инвестицияның әділ нарықтық құнын құрауға тиіс. Әділ нарықтық құн жалпыға бірдей қабылданған бағалау қағидаттарына сәйкес анықталады және Әзірлеушінің талабы бойынша Бағалау күніне сол валюта үшін қалыптасқан нарықтық айырбастау бағамы негізінде еркін айырбасталатын валютада көрсетіледі.

6.07-бөлім. Өтемақы толық көлемде алынып, еркін айырбасталатын валютаға еркін айырбасталуға және ешқандай шектеусіз немесе кідіріссіз төленуге тиіс. Оған Экспроприация күнінен бастап нақты төлем күніне дейін төлем валютасы үшін нарықтық негізде анықталған коммерциялық мөлшерлеменің пайызы кіреді.

6.08-бөлім. 6.04 - 6.07-бөлімнің ережелері инвестициядан түскен табысқа да, сондай-ақ, таратылған жағдайда таратудан түскен табысқа да қолданылады.

VII Бап

Еркін қозғалыс

7.01-бөлім. Әзірлеуші Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтаған жағдайда, Қазақстан Үкіметі Әзірлеушіге оның инвестицияларының және инвестициялармен байланысты төлемдерінің Қазақстан Республикасының аумағында және одан тыс жерде еркін қозғалысына кепілдік береді.

7.02-бөлім. Қазақстан Үкіметі Әзірлеуші мен оның кез келген Мердігерінің Жобаны іске асыру кезеңінде мыналарға:

(a) Жоба бойынша алынған ақшалай қаражатты Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге аударуға;

(b) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасында да, одан тыс жерлерде де ұлттық және шетел валютасында банк шоттарын ашуға;

(c) Қазақстан Республикасы заңнамасының хабарламаларды беру және валюталық операцияларды тіркеу туралы талаптарын қоспағанда, капиталмен операцияларға қатысты аударымдар мен төлемдерге байланысты шектеулерден босатылуға;

(d) стандартты банк комиссияларын қоспағанда, сатып алу немесе сату күнінде қолданыста болатын еркін нарықтық бағам бойынша шетел валютасын кез келген басқа шетел валютасына немесе Қазақстан Республикасының заңды валютасына қандай болса да комиссиясыз сатып алуға немесе сатуға;

(e) нарықтық айырбас бағамдары бойынша Әзірлеушіде бар Қазақстан Республикасының заңды валютасының кез келген сомасына сәйкес келетін және оған қатысты Әзірлеуші кез келген Жобалармен байланысты кез келген мақсаттар үшін, оның ішінде кез келген Жобалау құжаттарды қоса алғанда, кез келген құжаттар немесе келісімдер бойынша өз міндеттемелерін орындау үшін, сондай-ақ үлестірулерді (мейлі дивидендтер, мейлі қатысушыларға қарыз қаражатын қайтару арқылы) және Әзірлеушінің қатысушыларына кез келген басқа да төлемдерді жүзеге асыру үшін айырбастау туралы өтініш жасаған шетел валютасының сомасына қол жеткізуге;

(f) осы Келісімде, кез келген Жобалау құжаттарында немесе Жобаларға қатысты кез келген басқа да келісімде немесе келісімшартта көзделген кез келген төлемдерді іске асыруға;

(g) шетел валютасын Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге аударуға, ұстауға және сақтауға;

(h) Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде тіркелген кез келген Мердігерге шетелге Жобалардың мақсаттары үшін жеткізілетін тауарлар, жұмыстар, технологиялар немесе көрсетілетін қызметтер үшін шетел валютасында ақы төлеуге; және

(i) Жобаларды іске асыруға қатысы бар кез келген келісімге немесе келісімшартқа қатысты Қазақстан Республикасының банктеріндегі банк шоттарына есепке алынған шетел валютасын барлық міндетті айырбастаулардан, егер мұндай міндетті айырбастаулар енгізілген болса, босатылуға құқылы болатынына кепілдік береді.

7.03-бөлім. Егер жоғарыда аталған құқықтардың кез келгенін пайдалану үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің немесе кез келген басқа да Мемлекеттік органның рұқсаты қажет болса, Қазақстан Үкіметі Әзірлеушінің осындай рұқсатты алуына жәрдемдесуі тиіс.

VIII Бап

Басқа да жеңілдіктер мен босатулар

8.01-бөлім. Тікелей келісім

Қазақстан Үкіметі Сатып алушының Әзірлеушімен және оның Қаржыландырушы тараптарымен Тікелей келісім жасасуға міндеттенеді және оның жасалуын қамтамасыз етеді.

8.02-бөлім. Сақтандыру тетіктері

(а) Әзірлеуші Қазақстан Республикасы заңнамасының Жобалар бойынша сақтандыру (және/немесе қайта сақтандыру) міндеттемелері Қазақстан Республикасында қызметін жүзеге асыруға лицензиясы бар сақтандыру ұйымдарына ғана ұсынылуға тиіс деген талаптарынан босатылады.

(б) Осы Келісімнің қолданылу кезені ішінде Әзірлеуші жасаған сақтандыру полистері бойынша қойылған талаптарды қанағаттандыру негізінде алынған кез келген өтемақы төлемдері Қазақстан Республикасындағы банк шоттары арқылы міндетті түрде жүргізілмей шетелде сақталуы мүмкін.

8.03-бөлім. Рұқсаттарды алуға жәрдемдесу

Қазақстан Үкіметі тиісті Мемлекеттік органдардың:

(а) Жобаларды жүзеге асыру үшін қажет болып қалуы мүмкін немесе қажет болған кез келген Рұқсаттарды дер кезінде ұсынуын, беруін және/немесе қайта беруін; және

(б) барлық тиісті Мемлекеттік органдардың Әзірлеушінің кез келген Рұқсаттардың алынуына немесе олардың қайта берілуіне өтінімдерін қарауына қарсылық білдірмеуін және барлық ақылға қонымды күш-жігерді жұмсайтынын қамтамасыз етуге міндеттенеді.

8.04-бөлім. Әзірлеуші мен Қазақстан Үкіметі немесе Мемлекеттік орган арасындағы даулар

(а) Қазақстан Үкіметі осы арқылы өзінің (және/немесе кез келген тиісті Мемлекеттік органның) және Әзірлеушінің арасындағы кез келген даудың төрелікте іс қарау басталған кезде қолданылатын Халықаралық сауда палатасының Төрелік Регламентіне сәйкес төрелікке берілуіне өзінің шартсыз және қайтарып алынбайтын келісімін береді.

(б) Шешім дау тараптары үшін түпкілікті және міндетті болып табылады, аумағында төрелік шешімді тану және жүзеге асыру туралы өтініш берілген мемлекеттің ұлттық заңнамасына сәйкес танылады және жүзеге асырылады.

(с) Қазақстан Үкіметі (және (немесе) кез келген тиісті Мемлекеттік орган) немесе оның кез келген меншігі (және (немесе) кез келген тиісті Мемлекеттік органның кез келген меншігі) кез келген мемлекетте немесе юрисдикцияда юрисдикциядан, талап қоюдан, әрекеттен, табыстаудан, орындатудан, тыйым салудан, уақытша шаралардан немесе бұйрықтардан немесе басқа да заңды процестен кез келген иммунитетті (мемлекеттік иммунитет, егемендік иммунитет, мемлекеттік акт немесе өзге де әрекет ретінде сипатталатын) талап ететін немесе пайдаланатын дәрежеде немесе кез келген осындай иммунитет (жарияланғандығына немесе жарияланбағандығына қарамастан) оған (және (немесе) кез келген тиісті Мемлекеттік органға) немесе оның кез келген

меншігіне (және (немесе) кез келген тиісті Мемлекеттік органның кез келген меншігіне) қолданылуы мүмкін дәрежеде Қазақстан Үкіметі осы арқылы оның атынан немесе меншігі атынан (және (немесе) кез келген тиісті Мемлекеттік орган немесе олардың меншігі атынан) өзі (және (немесе) кез келген тиісті Мемлекеттік орган) мен Әзірлеуші арасындағы кез келген осындай дауларға қатысты осындай иммунитетті талап етпеуге, сілтеме жасамауға немесе сілтеме жасауға рұқсат бермеуге келіседі және осы арқылы осындан иммунитеттен бас тартады, бұл ретте, иммунитеттен мұндай бас тарту мыналарға:

(i) Қазақстан халқы (немесе Қазақстандағы кез келген аймақ немесе адамдар тобы) үшін ерекше мәдени немесе тарихи маңызы бар немесе қазақстандық мұрағаттардың құрамына кіретін және сатуға қойылмаған немесе сатуға қоюға арналмаған кез келген активтер, мүлік немесе басқа да заттар;

(ii) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының кез келген активтері;

(iii) дипломатиялық өкілдіктердің үй-жайлары, консулдық үй-жайлар, басқа да дипломатиялық немесе консулдық мүлік немесе активтер немесе осындай мақсаттар үшін пайдаланылатын Қазақстанның өзге де мүлкі немесе активтері; және

(iv) әскери немесе басқа да қорғанысқа байланысты мүлік немесе активтер немесе осындай әскери немесе басқа да қорғаныспен байланысты мүлікке немесе активтерге қатысты Қазақстанның мүлкі немесе активтері,

олар қазір оған тиесілі екендігіне немесе болашақта сатып алатындығына қарамастан әрбір жағдайға қатысты қолданылмауға тиіс.

IX Бап

Күшіне енуі, өзгерту, қолданылу мерзімі және дауларды шешу

9.01-бөлім. Осы Келісім күшіне енгізілетін күннен бастап күшіне енеді және Тараптардың бірі Келісімнің қолданылуын тоқтату ниеті туралы екінші Тараптың жазбаша хабарламасын дипломатиялық арналар арқылы алған күннен бастап 30 (отыз) күн өткен соң тоқтатылғанға дейін толық көлемде қолданылуын жалғастырады.

9.02-бөлім. Кез келген Тарап кез келген уақытта Келісімнің толығымен немесе оның бір бөлігін өзгертуді жазбаша түрде сұратуға құқылы. Тараптар арасында келісілген кез келген өзгеріс немесе толықтыру Тараптар белгілеген күннен бастап күшіне енеді және осы Келісімнің ажырамас бөлігі болады.

9.03-бөлім. Осы Келісімнің қолданылуын тоқтату осы Келісім шеңберінде жасалған Жобалау құжаттарында ескерілген міндеттемелердің жарамдылығына немесе тиісті Жобаның қолданылу мерзіміне ықпалын тигізбейді.

9.04-бөлім. Осы Келісімді түсіндіруге немесе қолдануға байланысты туындайтын даулар Тараптар арасындағы екіжақты кеңестерді немесе келіссөздерді жүргізу арқылы бейбіт жолмен реттелуге жатады.

202_ жылғы " ____ " _____ әрқайсысы қазақ, араб, орыс және ағылшын тілдерінде әрбір мәтін төлнұсқа болып табылатын екі (2) түпнұсқада жасалды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан

Аты-жөні:

Лауазымы:

Сауд Арабиясы Корольдігінің Үкіметі атынан

Аты-жөні: Мәртебелі ханзада Абдулазиз Бен Салман

Лауазымы: Энергетика министрі

Қазақстан Республикасының
Үкіметі мен Сауд Арабиясы
Корольдігінің арасындағы
келісімге 1-қосымша

Анықтамалар

Осы 1-қосымша қоса берілетін осы Келісімде бас әріппен келтірілген және өзге тәсілмен көрсетілмеген терминдер мынадай мағыналарға ие:

"Қолайлы кредиттік рейтинг"	компанияға қатысты шамасы BBB-ге тең немесе одан жоғары ұзақ мерзімді қамтамасыз етілмеген және кредитті қолдауы жоқ борыштық міндеттемелер рейтингін білдіреді.
"Келісім"	қажет болған жағдайда өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін немесе өзге тәсілмен жолмен өзгертілетін немесе ауыстырылатын барлық қосымшасын қоса алғанда, осы Үкіметаралық Келісімді білдіреді.
"КТС"	Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген корпоративтік табыс салығын білдіреді.
"Рұқсат"	кез келген Мемлекеттік органнан Жобалардың мақсаттары үшін алуға қажетті мақұлдауды, келісуді, рұқсатты, хабарландыруды, беруді, растауды, келісімді, лицензияны, рұқсаттаманы, шешімді, құқықты немесе ұқсас нәрсені немесе әрекетті білдіреді.
"Мердігер"	ЕРС-мердігерді, Пайдалану және техникалық қызмет көрсету жөніндегі мердігерді, сондай-ақ Қондырғыны жобалау, конструкциялау, сатып алу, жеткізу, тасымалдау, монтаждау, салу, орнату, сынау және пайдалануға беру үшін, сондай-ақ Қондырғыға арналған материалдарды пайдалану, оларға техникалық қызмет көрсету және жеткізу үшін Әзірлеуші тікелей тартқан кез келген басқа мердігерлерді білдіреді.
"Әзірлеуші"	2.05(b)-бөлімде айқындалған
"Тікелей келісім"	Жобаға қатысты Қазақстан Үкіметі, Сатып алушы, Әзірлеуші, Жобалау компаниясы, Қаржыландырушы тараптар және басқа тұлғалар

	арасында мәні бойынша тараптар келіскен нысанда жасалған тікелей келісімді білдіреді.
"Дау"	Әзірлеуші мен Қазақстан Үкіметі арасындағы немесе Әзірлеуші мен кез келген Мемлекеттік орган арасындағы Жобаларға қатысты кез келген дауды білдіреді.
"Күшіне ену күні"	осы Келісімнің күшіне енуі үшін қажетті қолданыстағы заңдарына сәйкес Тараптар ішкі рәсімдерді аяқтағаны туралы соңғы жазбаша хабарлама дипломатиялық арналар арқылы алынған күнді білдіреді.
"Кәсіпкерлік кодексі"	2015 жылғы 29 қазандағы № 375-V Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексін білдіреді.
"ЕРС-мердігер"	Қондырғыны конструкциялау, жобалау, өндіру, жеткізу, сатып алу, тасымалдау, монтаждау, салу, орнату, сынау, іске қосу-баптау жұмыстарын орындау және оған кепілдікті қызмет көрсету үшін Әзірлеуші мен ЕРС-мердігер арасында жасалатын жобалауға, сатып алуға және салуға арналған келісімшарт немесе келісімшарттар бойынша Әзірлеуші қажет болған кезде контрагент ретінде тартатын мердігерді білдіреді.
"Экспроприация"	6.04-бөлімде айқындалған.
"Қаржыландырушы тараптар"	Жобаны іске асыру үшін Әзірлеушіге кредиттер немесе кредит кепілдіктерін немесе басқа қаржыландыру ұсынатын қаржы мекемелері болып табылатын үшінші тұлғаларды, сондай-ақ қызмет көрсетуші банктерді, қамтамасыз ету жөніндегі агенттерді, кредит агенттерін және сенімгерлік басқарушыларды білдіреді.
"Шетелдік жұмыскер"	4.02-бөлімде айқындалған.
"Тауарлар"	"Көлік құралдары" деген терминмен айқындалған көлік құралдарын қоспағанда, ақпарат дереккөздерін, валюталық құндылықтарды, электр, жылу немесе энергияның басқа түрлерін, сондай-ақ көлік құралдарын және кез келген мүлік пен Қазақстан Республикасында өндірілген заттарды қоса алғанда, Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізілетін кез келген мүлікті білдіреді.
"Мемлекеттік орган"	мемлекеттік органдарды, мекемелерді, агенттіктерді, ведомствоны, корпорацияны, комитетті немесе комиссияны немесе кез келген тәуелсіз реттеуші органды, сондай-ақ атқарушы, заң шығарушы, сот, реттеуші билікті немесе Қазақстан Үкіметінің әкімшілік функцияларын жүзеге асыратын жоғарыда аталған органдардың кез келген мирасқорын немесе құқықтық мирасқорын қоса алғанда, Қазақстан Үкіметін білдіреді.
	бірін қалдырмай барлық мемлекеттік мекемелерді, филиалдарды, әкімшілік және оларға жататын

"Қазақстан Үкіметі"	немесе олардың құрамына кіретін басқа да бөлімшелерді, сондай-ақ кез келген уақытта немесе қажет болған кезде құрылымына, нысанына немесе басқа құрамына енгізілетін қандай да бір өзгерістерге қарамастан, салықтарды, баждарды немесе өзге де сомаларды белгілеуге, реттеуге, салуға немесе жинауға, лицензияларды немесе рұқсаттарды беруге немесе мақұлдауға немесе өзге де тәсілмен Жобаға немесе Жобаға қатысты құқықтар мен міндеттемелерге тікелей немесе жанама әсер етуге құқығы мен өкілеттігі бар бірін қалдырмай барлық атқарушы және реттеуші органдарды, агенттіктерді, ведомстволарды, министрліктерді, мекемелер мен оларға жататын немесе олардың құрамына кіретін лауазымды тұлғаларды қоса алғанда, Қазақстан Республикасының орталық атқарушы билік органын білдіреді.
"Сауд Арабиясы Үкіметі"	бірін қалдырмай барлық мемлекеттік мекемелерді, филиалдарды, әкімшілік және оларға жататын немесе олардың құрамына кіретін басқа да бөлімшелерді, сондай-ақ кез келген уақытта немесе қажет болған кезде құрылымына, нысанына немесе басқа құрамына енгізілетін өзгерістерге қарамастан, кез келген және барлық атқарушы және реттеуші органдарды, агенттіктерді, департаменттерді, министрліктерді, ведомстволар мен оларға жататын немесе олардың құрамына кіретін лауазымды тұлғаларды қоса алғанда, Сауд Арабиясы Корольдігінің орталық атқарушы билік органын білдіреді.
"ИДРХО Конвенциясы"	1965 жылғы 18 наурызда қол қою үшін ашылған Мемлекеттер мен шетелдік тұлғалар арасындағы инвестициялық дауларды реттеу тәртібі туралы конвенцияны білдіреді.
"Пайдалану және техникалық қызмет көрсету жөніндегі мердігер"	қажет болған кезде Әзірлеуші Қондырғыны пайдалануды және оған техникалық қызмет көрсетуді жүзеге асыру үшін тартылатын мердігер.
"Тараптар"	Қазақстан Үкіметі мен Сауд Арабиясы Үкіметін білдіреді, ал "Тарап" олардың кез келгенін білдіреді.
"Қондырғы"	Механикалық жабдықты және Әзірлеуші салатын, меншігінде болатын, ол пайдаланатын және пайдаланудан шығаратын оған қатысты объектілерді қамтитын энергия өндіруші станцияны білдіреді.
"Электр энергиясын сатып алу-сату шарты"	2.03-бөлімде айқындалған.
"Жоба"	1.01-бөлімде айқындалған.
"Жобалау компаниясы"	белгілі бір Жобаны іске асыру мақсаты үшін Әзірлеуші құратын арнаулы мақсаттағы компанияны білдіреді.
"Жобалау құжаттары"	2.03-бөлімде айқындалған.

"Сатып алушы"	1.01-бөлімде айқындалған.
"Салықтар"	мемлекет заңнамамен біржақты тәртіппен белгілеген, бюджетке белгілі бір мөлшерде төленетін, қайтарылмайтын және өтеусіз сипаттағы міндетті ақшалай төлемдерді білдіреді және "Салық" жоғарыда санамаланғандардың кез келгенін білдіреді.
"АҚШ доллары"	Америка Құрама Штаттарының заңды валютасын білдіреді.
"Бағалау күні"	6.06-бөлімде айқындалған.
"ҚҚС"	Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген қосылған құн салығын білдіреді.

Қазақстан Республикасының
 Үкіметі мен Сауд Арабиясы
 Корольдігінің арасындағы
 келісімге 2-қосымша

Жел электр генерациясы саласындағы ACWA Power компаниясы жобасының сипаттамасы

Анықтамалық ақпарат:

(А) Қазақстан Үкіметі, ACWA Power (Сауд Арабиясында биржалық тізімде тіркелген акционерлік қоғам) компаниясы және "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" АҚ 2023 жылғы 1 наурызда Қазақстан Республикасы, Жетісу облысы, Жоңғар қақпасындағы жалпы қуаты шамамен 1000 МВт-ты құрайтын бір немесе бірнеше жел электр станциясын және жалпы сыйымдылығы шамамен 600 МВт-ты құрайтын және белгіленген қуаты шамамен 300 МВт-ты құрайтын аккумуляторлық электр энергиясын жинақтау жүйесін (бұдан әрі – "Жоба") жобалауға, әзірлеуге, құрылымдауға, сатып алу, жеткізу, салу, пайдалануға беру және сынау, иелену және пайдалануға қатысты қағидаттар туралы келісімді жасады. Әзірлеуші және Бірлескен әзірлеуші Жобаға шамамен 1,5 млрд АҚШ долларын инвестициялайды (оның ішінде тек қана кепіл мүлкін өндіріп алу құқығымен кредит беру негізінде сыртқы қаржыландыруды тарту есебінен); және

(В) ACWA Power (Сауд Арабиясында биржалық тізімде тіркелген акционерлік қоғам) компаниясы (және (немесе) оның тікелей немесе жанама иелігіндегі 100 пайыз еншілес компаниясы) және "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" АҚ (және (немесе) оның тікелей немесе жанама иелігіндегі 100-пайыз еншілес компаниясы) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес арнайы мақсаттағы компанияны (бұдан әрі – "Жобалау компаниясы") құруға тиіс. Жобаны іске асыру мақсатында Сатушы ретінде Жобалау компаниясы Жоба шеңберінде өндірілген электр энергиясын сатуға қатысты Сатып алушы ретінде "Жаңартылатын энергия көздерін қолдау жөніндегі қаржы-есеп айырысу орталығы" ЖШС-мен Электр энергиясын сатып алу-сату шартын (бұдан әрі – "ЭЭССШ") жасасуға тиіс.

Жобалау компаниясы, Инвесторлар және Қазақстан Республикасының Үкіметі арасындағы ұсынылып отырған уағдаластықтардың қысқаша сипаттамасы – Инвестициялар туралы келісім:

А. Кіріспе

Осы құжат Жобалау компаниясы, Инвесторлар және Қазақстан Республикасының Үкіметі арасында жасалуы ұсынылып отырған инвестициялар туралы келісімнің (бұдан әрі – "ИтК") негізгі ережелері мен талаптарына шолу болып табылады. ИтК мәтінін ИтК тараптары Қазақстан Республикасы Үкіметаралық келісімді ратификациялағанға дейін келіседі, ал ИтК аталған ратификациялаудан кейін жасалады. ИтК-ға қол қою кезінде Тараптар арасында келісілген ЭССШ жобасы ИтК-ға қосымша ретінде қоса беріледі.

В. ИтК-ға шолу

	Ереже	Қысқаша сипаттамасы
(1)	Тараптар	<p>1. Үкімет Қазақстан Республикасының Үкіметін білдіреді.</p> <p>2. Сатушы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Инвесторлар бірлесіп құрайтын Жобалау компаниясын білдіреді.</p> <p>3. Бірлескен әзірлеуші "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" АҚ (және (немесе) оның тікелей немесе жанама иелігіндегі 100 пайыз еншілес компаниясы).</p> <p>4. Әзірлеуші ACWA Power (Сауд Арабиясында биржалық тізімде тіркелген акционерлік қоғам) компаниясын (және (немесе) оның тікелей немесе жанама иелігіндегі 100 пайыз еншілес компаниясын) білдіреді.</p>
(2)	Қолданылу мерзімі	ИтК оған қол қойылған күннен бастап күшіне енеді және Жобаны пайдаланудан шығарғанға дейін (жел электр станциясының пайдалану мерзімі аяқталғаннан кейін немесе ол толығымен жойылғаннан кейін), егер ИтК-ға сәйкес мерзімінен бұрын тоқтатылмаса, әрекет етеді.
		Үкімет Сатушыға Жобаны іске асыруға айрықша құқықтарды, Жобаға немесе қатысу үлесіне қатысты кез келген қамтамасыз етуді, сондай-ақ тек қана кепіл мүлікке өндіріп алу құқығымен

(3)	Әзірлеуге құқық беру	кредит беру (a non-recourse debt) негізінде қаржыландыруға қол жеткізу мақсатында Жобалау келісімдер бойынша қамтамасыз ету тәртібімен құқықтарды және/ немесе міндеттемелерді беруге тиіс.
(4)	Мамандар	<p>Үкімет:</p> <p>(a) тиісті Мемлекеттік органдарға Жобаны іске асыру үшін тартылатын шетелдік мамандарға Қазақстан Республикасына келу визаларын беруді қамтамасыз етуді тапсыру;</p> <p>(b) тиісті Мемлекеттік органға Қазақстан Республикасына көп реттік визаларды беруді және ұзартуды, уақытша тұруға тіркеуді , мекендеу жері бойынша тіркеуді және олардың мерзімін ұзартуды қамтамасыз етуді тапсыру; және</p> <p>(c) Жоба бойынша тартылатын шетелдік мамандардың (жергілікті еңбек нарығындағы біліктілігі төмен жұмыскерлерді қоспағанда) құрылыс кезеңіне және Жоба пайдаланылуға енгізілгеннен кейін бір (1) жыл ішінде жұмысқа рұқсат алу қажеттілігінен босатылуын қамтамасыз ету тиіс.</p>
(5)	Кадрларды оқыту және даярлау	ИтК қолданылу ету мерзімі ішінде Әзірлеуші Жобаға тартылатын қазақстандық мамандарға тәжірибесін беруді және оқытуды қамтамасыз ету тиіс.
(6)	Сатып алушының болуы	Үкімет Сатып алушының ИтК-ның қолданыс мерзімі ішінде әрекет етуін қамтамасыз ету үшін шаралар қабылдауға тиіс.
(7)	Тікелей келісім	Үкімет Сатып алушының Сатушымен және оның Қаржыландырушы тараптарымен кез келген тиісті Тікелей келісім жасауын және оны жасауды қамтамасыз етуге тиіс.
		<p>Сатушы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес мына салықтардан және кедендік міндеттемелерден босатылады:</p> <p>(d) Жобаны коммерциялық пайдалану басталған күнінен</p>

(8)	Салық салу және кеден мәселелері	<p>қатарынан он (10) жыл бойы корпоративтік табыс салығы (бұдан әрі – "КТС");</p> <p>(е) ИтК жасалған айдың 1 күнінен бастап он (10) жыл қатарынан жер салығы;</p> <p>(f) халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және Қазақстанның Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы бойынша заңнамасының талаптарына сәйкес бірінші актив негізгі құралдардың құрамына айдың 1 күнінен бастап қатарынан сегіз (8) жылға мүлік салығы; және</p> <p>(g) Жобаның мақсаттары үшін инвестициялық жоба шеңберінде Жобалау компаниясы әкелетін технологиялық жабдықтарға (жел энергиясын өндіру қондырғылары – жел турбиналары мен олармен байланысты жабдықты, аккумуляторлық жабдықты, мұнараларды, негізгі және қосалқы трансформаторларды, кіші станция жабдығын, жоғары және орта вольтты кабельдерді қоса алғанда), жинақтауыштары мен және қосалқы бөлшектерге, шикізат пен материалдарға кедендік баждар мен импортқа ҚҚС.</p>
(9)	Банк шоттары	<p>Үкімет:</p> <p>(h) Кез келген шетелдік Қаржыландырушы тараптар Сатушыға берген және шетелдік мердігерлерге немесе өнім берушілерге ақысын төлеу үшін пайдаланылатын шетел валютасы Қазақстан Республикасындағы банк шоттары арқылы жүргізілмеуге тиіс екендігін;</p> <p>(i) Сатушыға және оның шетелдік мердігерлеріне, өнім берушілеріне және кредиторларына Қазақстан Республикасының аумағында кез келген банкте теңгеде және шетел валютасында банк шоттарын ашуға, пайдалануға және сақтауға барлық қажетті келісімдердің берілуін; және</p>

		<p>(j) Сатушыға Қазақстан Республикасынан тыс жерде банк шоттарын ашуға және жүргізуге, сондай-ақ ақшалай қаражатты Қазақстан Республикасында ашылған шоттарынан Қазақстан Республикасынан тыс жерде ашылған шоттарына аударуға және өзінің шетелдік мердігерлеріне, өнім жеткізушілеріне және кредиторларына төлемдерді жүзеге асыруға рұқсат берілгенін қамтамасыз етуге тиіс.</p>
(10)	Валюта мәселелері	<p>Үкімет:</p> <p>(к) барлық ақшалай қаражатты және қаржылық есеп айырысуларды (теңгеде немесе АҚШ долларында деноминацияланған) еркін аударуға рұқсат етуге;</p> <p>(l) Сатушыға нарықтық шарттармен теңгені АҚШ долларына айырбастауға рұқсат етуге; және</p> <p>(m) Сатушыға нарықтық бағам бойынша Сатушыда бар теңгенің кез келген сомасына сәйкес келетін және оған қатысты Сатушы Жобаға байланысты кез келген мақсаттар үшін айырбастауға сұрау салынған АҚШ долларындағы соманы ұсынуға тиіс.</p>
		<p>1. Үкімет Сатушыға сауда-саттық (аукцион) өткізбестен және қандай да бір ауыртпалықтарсыз, шектеулерсіз, үшінші тұлғалардың құқықтарының және Сатушының оларды пайдалануына ықпал етуі мүмкін басқа да мән-жайларсыз Жобаны жүзеге асыру үшін қажетті барлық жер учаскелеріне жер пайдалану құқығының берілуін қамтамасыз етуге тиіс.</p> <p>2. Үкімет өз қаражаты есебінен жерді бөліп беруді (мемлекет мұқтажы үшін алы қою), демонстрацияны, коммуникацияларды басқа жерге ауыстыруды және қосуды, ғимараттарды бұзуды,</p>

(11)	Жер	<p>ормандарды кесуді және қалпына келтіруді, жерді рекультивациялауды, мүлікті және басқа да активтерді сатып алуды, қозғалған жеке және заңды тұлғаларды көшіруді қоса алғанда, жерді дайындау бойынша барлық жұмыстарды аяқтауға тиіс.</p> <p>3. Сатушының (i) қауіпті материалдарды немесе тарихи археологиялық артефактілерді; (ii) жасанды жерасты объектілерін, құрылысжай мен жарылмаған оқ-дәрілерді; және (iii) ұлутасты ұсақтау нәтижесінде пайда болған қуыстарды немесе борпылдақ топырақты қоса алғанда, белгілі бір уақыт кезеңінде анықталған күтпеген және болжанбаған жер топырағы жағдайларына байланысты мерзім мен шығыстар бойынша міндеттемелерден босатылуға құқығы бар.</p>
(12)	Сатып алушыны қаржылық қолдау және Өтімділікті қолдау тетігі	<p>4. Үкімет Сатып алушы ЭССШ бойынша өзінің барлық міндеттемелерін орындамайынша Сатып алушының кемінде 4 айлық табыс (түсім) көлемінде АҚШ долларындағы ВВВ-кредиттік рейтингі бар банктің Сатушының пайдасына шығарған банк кепілдігін (бұдан әрі – "Сатып алушыны қаржылық қолдау") сақтауын қамтамасыз етуге тиіс.</p> <p>5. Үкімет Сатып алушының ЭССШ-те және ИтК-де көзделген шарттармен өзінің барлық қаржылық міндеттемелерін орындауын қамтамасыз етеді.</p> <p>6. Үкімет ЭССШ-ты бұзған кезде Сатып алушы белгіленген мерзімде төлемеген Сатушыға тиесілі кез келген соманы төлейді (немесе Сатып алушының төлеуін қамтамасыз етеді).</p>
		<p>Егер (ЭССШ-те анықталғандай) Сатушының Міндеттемелерді орындамаған оқиғасына байланысты Сатып алушы ЭССШ-ты бұзатын болса, Үкімет ИтК-ны бұза алады.</p>

(13)	ИтК-ны токтату	ЭЭССШ шарттарына сәйкес Сатушы ЭЭССШ-ты бұзғаннан кейін ИтК-ны бұза алады. Сондай-ақ Сатушы жоюға арналған тиісті мерзім ішінде жойылмаған Үкімет тараптан бұзушылық бойынша ИтК-ны бұза алады. Бұл сондай-ақ Сатушыға Сатып алушының Міндеттемелерін орындамау оқиғасы негізі бойынша ЭЭССШ-ты бұзуға және бұзу үшін тиісті бағаны талап етуге мүмкіндік береді.
(14)	Беру / Табыстау	Әрбір Инвестор мен Сатушы Қаржы құжаттарының шарттарына сәйкес Қаржыландырушы тараптардың пайдасына ИтК-да өз құқықтары мен мүдделеріне қатысты қамтамасыз ету құқықтарын бере немесе құра алады.
(15)	Қолданылатын құқық және Дауларды шешу	ИтК Англия мен Уэльс заңнамасына сәйкес реттеледі және түсіндіріледі. ИтК-ға байланысты туындайтын барлық даулар Халықаралық Сауда Палатасының Төрелік Регламентіне сәйкес түпкілікті шешілуге жатады және төреліктің орны Лондон қаласы болып табылады.

С. ИтК-ның негізгі анықтамалары

<p>"Тікелей келісім" (<i>Direct Agreement</i>) Үкімет, Сатып алушы, Инвесторлар, Сатушы және кез келген Қаржыландырушы тарап арасында ИтК-ға қатысты мәні бойынша ИтК-да көрсетілген нысанда жасалатын тікелей келісімді білдіреді.</p>
<p>"Қаржы құжаттары" (<i>Financing Documents</i>) кез келген Қаржыландырушы тарап ұсынған Жобаны қаржыландыруға және қайта қаржыландыруға байланысты Сатушы жасасқан қарыздар туралы келісімдер мен кредит желілерін, вексельді, облигацияны беру туралы шарттарды, қамтамасыз ету туралы келісімдерді, тікелей келісімдерді (соның ішінде Тікелей келісімді), кепілдіктерді немесе сақтандыру полистерін, субординация туралы шарттарды, ипотекалық келісімдерді және басқа құжаттарды білдіреді.</p>
<p>"Қаржыландырушы тарап" (<i>Financing Party</i>) Жобаны жүзеге асыру үшін Сатушыға қарыз беретін немесе кредиттік кепілдіктерді немесе басқа қаржыландыруды ұсынатын кез келген үшінші тарап қаржы мекемесін, сондай-ақ шоттық банктерді, қамтамасыз етуді басқару агенттерін, кредитке қызмет көрсету агенттерін және сенімгерлік басқарушыларды білдіреді.</p>
<p>"Үкімет тарапынан орындамаушылық" (<i>Government Breach</i>): (n) Үкіметтің отыз күн ішінде жойылмайтын Сатып алушыға Қаржылық қолдауға қатысты өз міндеттемелерін орындамауын;</p>

<p>(o) Үкіметтің алпыс күн ішінде жойылмайтын Сатушының Жобадағы кез келген капиталын, кез келген активін немесе өзге құқықтары мен мүдделерін тікелей немесе жанама экспроприациялауын, мәжбүрлеп сатып алуын, мемлекет меншігіне айналдыруын немесе өзге мәжбүрлеп алуын;</p> <p>(p) Үкіметтің алпыс күн ішінде жойылмайтын кемсітушілікке қарсы кепілдіктерге қатысты өз міндеттемелерін бұзуын; немесе</p> <p>(q) Үкіметтің тоқсан күн ішінде жойылмайтын ИтК бойынша осының басқа да маңызды міндеттемелерінің, растамаларының немесе кепілдіктерінің кез келгенін дәйексіз растауын, бұзуын немесе орындамауын білдіреді.</p>
"Инвестор" (<i>Investor</i>) Әзірлеушіні және/немесе кейде Бірлескен әзірлеушіні білдіреді.
<p>"Жобалық келісімдер" (<i>Project Agreements</i>) бірлесе төмендегілерді білдіреді:</p> <p>(r) ИтК-ны;</p> <p>(s) ЭЭССШ-ны;</p> <p>(t) Жер учаскесін жалдау шарттарын ("ЖУ жалдау шарты");</p> <p>(u) Электр желілеріне қосылу туралы шартын;</p> <p>(v) Электр беру желілерінің жалғаушы объектілерін пайдалану қызметтерін көрсету шартын;</p> <p>(w) Техникалық диспетчерлендіру туралы шартын;</p> <p>(x) ЕРС-келісімшарттарын; және</p> <p>(y) Пайдалану және техникалық қызмет көрсету туралы шарттарын білдіреді.</p>
"Сатып алушы" (<i>Purchaser</i>) "Жаңартылатын энергия көздерін қолдау жөніндегі қаржы-есеп айырысу орталығы" ЖШС-ны білдіреді.

Жобалау компаниясы мен "Жаңартылатын энергия көздерін қолдау жөніндегі қаржы-есеп айырысу орталығы" ЖШС арасында ұсынылып отырған электр энергиясын сатып алу уағдаластықтарының қысқаша сипаттамасы – Электр энергиясын сатып алу-сату шарты:

A. Кіріспе

Осы құжатта Project Company мен "Жаңартылатын энергия көздерін қолдау жөніндегі қаржы-есеп айырысу орталығы" ЖШС арасында жасасуы ұсынылып отырған электр энергиясын сатып алу туралы шарттың (бұдан әрі – "ЭЭССШ") кейбір аспектілеріне шолу қамтылған. Бұл құжат – толық емес және пайдаланудың жайлылығы үшін ғана келтірілген, оны ЭЭССШ мәтінін толық оқып шыққаннан кейін ғана қарау қажет. Бас әріппен пайдаланылатын, бірақ осы құжатта анықталмаған терминдер оларға ЭЭССШ-те берілген мағынаға ие. Кейбір негізгі анықтамалар осы құжаттың соңында берілген.

ЭССШ мәтінін ЭССШ тараптары Қазақстан Республикасы Үкіметаралық келісімді ратификациялағанға дейін келіседі, ал ЭЭССШ осындай ратификациялаудан кейін жасалады.

B. ЭССШ-ке шолу

	<i>Ереже</i>	<i>Қысқаша сипаттамасы</i>
		7. Сатып алушы – "Жаңартылатын энергия көздерін қолдау жөніндегі қаржы-есеп айырысу орталығы" ЖШС.

<p>(1)</p>	<p>Тараптар</p>	<p>8. Сатушы – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ACWA Power Компаниясы (Сауд Арабиясында листингі бар акционерлік қоғам) (және (немесе) оның тікелей немесе жанама иелігіндегі 100-пайыз еншілес компаниясы) мен "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" АҚ (және (немесе) оның тікелей немесе жанама иелігіндегі 100-пайыз еншілес компаниясы) бірлесіп құрайтын Жобалау компаниясы.</p>
<p>(2)</p>	<p>Жоба бойынша жұмыстар көлемі</p>	<p>Жоба "сал, иелен және пайдалан" (BOO) қағидаты негізінде мына объектілерді әзірлеуді, қаржыландыруды, салуды, пайдалануға беруді, иеленуді және пайдалануды қамтиды:</p> <p>(b) әрқайсысының қуаты кемінде 50 МВт құрайтын топтардың құрамында пайдалануға берілген, бірнеше жел генераторынан (ВТГ) тұратын қуаты 1 000 МВт болатын жел электр станциясы (Жел электр станциясы) – электр энергиясын Сатып алушыға ал немесе төле қағидатының негізінде сату үшін (<i>take-or-pay</i>);</p> <p>(c) жалпы сыйымдылығы шамамен 600 МВтсағ. және қуаты 300 МВт-ға жуық аккумуляторлық энергияны жинақтау жүйесі (Жинақтаушы қондырғы) – Сатып алушыға ал немесе төле қағидаты негізінде жинақтаушы қуатты беру үшін (<i>take-or-pay</i>);</p> <p>(d) Жел электр станциясына және Жинақтаушы қондырғыға жапсарлас орналасқан тарату пункті (Сатушының коммутациялық станциясы), және ілеспелі құрылыс қосылыстары мен физикалық оймалары (Түйіндесу орындары); және</p> <p>(e) Сатушының коммутациялық станциясын "KEGOC" АҚ-ның Ақтоғайдағы кіші станциясына қосатын ұзындығы шамамен 300 км құрайтын әуе электр беру желісі (ЭБЖЖО) – оған Сатып</p>

		алушы ай сайын тіркелген негізде ақы төлеуге тиіс.
(3)	Тікелей келісім	Сатып алушы Сатушымен және оның Қаржыландырушы тараптарымен кез келген тиісті Тікелей келісім жасауға тиіс.
(4)	Тариф	<p>Сатып алушы Сатушыға мыналарды төлейді:</p> <p>а) кВт/сағ үшін 0,0281 АҚШ доллары тарифі бойынша есептелген электр энергиясы үшін төлемді;</p> <p>б) Жинақтаушы қондырғысының қуатының 300 МВт үшін айына 5,40 млн АҚШ доллары тарифімен есептелген жинақтау үшін төлемді ; және</p> <p>с) электр беру желілерінің жалға объектілерінің айына 4,98 млн АҚШ доллары көлемінде тіркелген сомадағы төлемді.</p> <p>Бұдан басқа Сатып алушы Сатушыға бұдан әрі (12) тармақта сипатталғандай, электр беру желілерінің жалға объектілеріне қатысты рұқсат етілген қолжетімсіздік үшін тиісті күндер саны үшін күніне 0,29 миллион АҚШ доллары мөлшерінде жыл сайынғы аванстық депозит төлейді .</p>
(5)	Қолданылу мерзімі мен кідіртпелі талаптар	<p>1. Қолданылу мерзімі Күшіне ену күнінен басталады және Жобаны коммерциялық пайдалануды бастау күнінен (ЖКПК) 25 жыл өткенге дейін жалғасады.</p> <p>2. ЭСССШ-тің барлық ережелері тараптар Жобаны қаржыландыруды қаржылық жабуды қоса алғанда, бірқатар кідіртпелі талаптарды орындағаннан кейін ғана (Жабу күні) күшіне енеді. Сатушы Жабу күніне аралық қарыз түріндегі қаржыландыру негізінде қол жеткізе алады, алайда бұл жағдайда ол кейіннен белгілі бір кезең ішінде тек қана кепіл мүлікке өндіріп алу құқығымен кредиттеу негізінде (<i>a non-recourse</i>) жобаның қаржыландыруды қамтамасыз етуге тиіс.</p>

(6)	Бәсекелес құрылыс	<p>Сатушының Жобаға теріс әсерін тигізетін немесе шығындардың артуына әкеліп соқтыратын кез келген бәсекелес құрылысқа қатысты мерзім мен шығындар бойынша міндеттемелерден босатылуға құқығы бар. Бәсекелес құрылыстарға Қондырғының 6 километр радиусында жел электр станцияларын немесе кез келген ғимараттарды немесе биіктігі 20 метрден асатын құрылыстарды қамтиды.</p>
(7)	Құрылыс	<p>1. Сатушы ЭЭССШ-те келісілген өзіндік ерекшеліктерге, мерзімдерге және техникалық шектеулерге сәйкес Жел электр станциясын, Жинақтаушы қондырғыны, электр беру желілерінің жалға объектілерін (ЭБЖЖО), Сатушының коммутациялық станциясын және Түйіндесу орындарын жобалау, әзірлеу, сатып алу, жеткізу, монтаждау, салу, орнату, сынау және пайдалануға беру үшін жауапты болады.</p> <p>2. Сатушы жобалау, сатып алу және құрылыс бойынша барлық жұмыстардың орындау үшін бір немесе бірнеше ЕРС-мердігерді тағайындайды (жұмыстар жеке ЕРС-келісімшарттары орындалатын бірнеше бөлек бөлімдерге бөлінуі мүмкін).</p>
		<p>1. Сатушы Қондырғыға арналған сынақтар рәсімдері мен сынақтар бағдарламаларын әзірлеуге және енгізуге жауапты болады. Сатып алушы кез келген сынақтарға қатысуға құқылы және Электр беру жүйесінің пайдалану рәсімдері мен Электр желілері туралы заңнаманың ескере отырып, Сатушыға тиісті сынақтарды жүргізуге мүмкіндік беру үшін бар күш-жігерін салуға тиіс.</p> <p>2. Сатып алушы кез келген Топ немесе Жел электр станциясы өндіретін бүкіл электр энергиясына және пайдалану кезінде Жинақтаушы</p>

(8)

Пайдалануға беру

қондырғыдан алынатын қолжетімді қуатқа ақы төлеуге тиіс.

3. Әрбір Топ, ЭБЖЖО, Жел электр станциясы мен Жинақтаушы қондырғы олардың тиісті Коммерциялық пайдалану күніне (КПК) қол жеткізу үшін іске қосу сынақтарының тиісті талаптарына сай болуға тиіс. ЖКПК Сатушы әрбір Жел электр станциясы мен Жинақтаушы қондырғының ең аз қабылдау қуатына жеткенде ғана орын алады.

4. Ерте өндіру кезеңі ішінде Сатушы ЭЭССШ-да келісілген өзіндік ерекшеліктерге, мерзімдерге және техникалық шектеулерге сәйкес Жинақтаушы қондырғы мен Жел электр станциясының Жинақтаушы қондырғының пайдалануға енгізілген қуаты пайдалануға енгізілген барлық Топтардың пайдалануға енгізілген қуатының жиынтығына пропорционалды болатындай етіп (Жел электр станциясының толық Келісімшарттық қуаты мен Жинақтаушы қондырғының толық Келісімшарттық қуатының арақатынасы негізінде) пайдалануға енгізілуін қамтамасыз етеді.

5. Сатушы іске қосу-баптау сынақтарын Сатып алушының Тәуекел оқиғасы немесе Саяси Форс-мажор оқиғасы (Саяси ФМ) себебімен өткізе алмайтын болса, Сатып алушы сынақтар аяқталғанға дейін Шартты пайдалы шығыс электр энергиясына қатысты Электр энергиясы үшін төлемді, Жинақтаушы қуаттың шартты қолжетімділігіне қатысты Жинақтау үшін төлемді және ЭБЖЖО үшін төлемді (қолданылуына қарай) жүзеге асыруға міндетті. Сынақтар сәтсіз аяқталса немесе іс жүзінде

(9)	Шартты пайдалануға беру	<p>өткізілген кезде ақау көрсететін болса, Сатушы бұл сомаларды өтеуге міндетті.</p> <p>6. Егер КПК немесе ЖКПК Сатып алушының Тәуекел оқиғасы, саяси ФМ немесе Электр беру жүйесінің толық немесе ішінара қолжетімсіздігі (Форс-мажор оқиғасының (ФМ) нәтижесінде орын алған жағдайларды қоспағанда) салдарынан кешіктірілсе, онда тиісті КПК қол жеткен болып саналады, және Сатып алушы Шартты пайдалы шығыс электр энергиясына қатысты Электр энергиясы үшін төлемді, Жинақтаушы қуаттың шартты қолжетімділігіне қатысты Жинақтау үшін төлемді және ЭБЖЖО үшін төлемді (қолданылуына қарай) жүзеге асыруға тиіс. Егер қозғалған күн оқиға аяқталғаннан кейін қол жеткізілмеген болса, қозғалған КПК қол жеткізген деп есептелуін тоқтатады және Сатушы мұндай сомаларды төлеуге міндетті.</p>
(10)	Кешіктіру үшін тұрақсыздық айыбы	<p>Сатушы ЖКПК-ге жоспарланған күні немесе одан бұрын қол жеткізе алмаған жағдайда (Жоспарланған ЖКПК) Жел электр станциясының қуаты жетіспеушілігінің әрбір күні үшін (қайсысының бірінші орын алатынына байланысты) ЖКПК-ге және Жоспарланған ЖКПК-ден кейін (Коммерциялық пайдалануды бастауға арналған ең соңғы мерзімі) 270 күнге жеткенге дейін әр МВт үшін 100 АҚШ доллары мөлшерінде есебінен кешіктіру үшін тұрақсыздық айыбын (Тұрақсыздық айыбы) төлеуге міндетті.</p> <p>Сатушы Коммерциялық пайдаланудың басталу күнінен тыс тағы 270 күнге (Коммерциялық пайдалануды бастауға арналған ұзартылған ең соңғы мерзім) әзірлеуді жалғастыру және Тұрақсыздық айыбын төлеу туралы шешімді қабылдай алады. Бұл жағдайда Сатып алушы ЖКПК-ге қол</p>

		<p>жеткізе алмауына байланысты шартты (қайсысының бірінші орын алатынына байланысты) Коммерциялық пайдалануды бастауға арналған ұзартылған ең соңғы мерзімге немесе Сатушы әзірлеуді орындауды тоқтататыны туралы хабарлама жолдаған сәтке дейін бұза алмайды.</p> <p>Кешіктіру үшін тұрақсыздық айыбының жалпы сомасы 270 күнгі ең ұзақ мерзімнің әрбір кешіктірілген күні үшін әр МВт үшін 100 АҚШ долларымен шектелген, бұл ретте Сатушы Коммерциялық пайдалануды бастауға арналған ұзартылған ең соңғы мерзіміне дейін және оны қоса алғанда Тұрақсыздық айыбын төлеуді жалғастыруы мүмкін.</p>
(11)	Әзірлемені қамтамасыз ету	<p>Жабылу күніне кідіртпелі талап ретінде Сатушы Кешіктіру үшін тұрақсыздық айыбын өтеу үшін Сатып алушыға Жоспарланған ЖКПК-ден 60 күннен аспайтын қолданылу мерзімімен (және қажет болса, Коммерциялық пайдалануды бастауға арналған ең соңғы мерзімінен немесе Коммерциялық пайдалануды бастауға арналған ұзартылған ең соңғы мерзімінен кешіктірмей ұзартылады) ВВВ несиелік рейтингі бар банктен 21 миллион АҚШ доллары сомасындағы банк кепілдігі түріндегі әзірлеменің қамтамасыз етуін ұсынуға тиіс.</p>
		<p>Жел электр станциясы, Жинақтаушы қондырғы, Сатушының коммутациялық станциясы және Түйіндесу орындары</p> <p>7. Сатушы Жел электр станциясыны, Жинақтаушы қондырғыны, Сатушының коммутациялық станциясын және Түйіндесу орындарын пайдалану мен оларға техникалық қызмет көрсетілуіне жауапты болады.</p> <p>8. Сатушы пайдалану және техникалық қызмет көрсету бойынша барлық жұмыстарды</p>

орындау үшін Пайдалану және техникалық қызмет көрсету жөніндегі мердігерді тағайындайды. Пайдалану және техникалық қызмет көрсету жөніндегі мердігер болып NOMAC компаниясы (ACWA Power үлестес тұлғасы) немесе оның үлестес тұлғасы немесе Сатушы тағайындаған басқа мердігер болады.

Электр беру желілерінің жалғаушы объектілері (ЭБЖЖО) ЭБЖЖО-ны пайдалану қызметтерін көрсету туралы шартқа (ЭПШ) сәйкес ЭБЖЖО Жүйелік оператормен ("KEGOC" АҚ) 1 млн. АҚШ доллары көлеміндегі жыл сайынғы сыйақыға пайдаланылатын болады және Электр беру жүйесінің бөлігі болып саналады, және тиісінше, Жүйелік оператор өз қаражаты есебінен (ЭПШ-ға сәйкес төленетін жыл сайынғы сыйақыны қоспағанда) ЭБЖЖО-ны пайдалануға, жөндеуге, қалпына келтіруге және техникалық қызмет көрсетуге Электр беру жүйесінің қалған бөлігіне (және оның бөлігі ретінде) қолданылатын тәртіпте жауап береді. Мұндай ЭПШ, қолданылатын төлемдерді қосқанда, Сатушы мен Жүйелік оператор арасында тараптар келіскен қағидаттар негізінде және оларға сәйкес жасалады.

Жүйелік оператордың ЭПШ талаптарын кез келген бұзуы (немесе Жүйелік оператордың ЭБЖЖО-ны пайдалану мен техникалық қызмет көрсетуіне немесе Жүйелік оператордың ЭПШ-ті бұзуына байланысты Сатушының Электр желілеріне қосылу туралы Шарттың талаптарын кез келген бұзуы) Сатып алушының Тәуекел оқиғасы болады.

Сатып алушы ЭБЖЖО-ға әсер ететін жоспарлы немесе жоспардан тыс техникалық қызмет көрсету, авариялық

(12)

Пайдалану және техникалық қызмет көрсету

жағдайлар немесе форс-мажорлық жағдайлар салдарынан ЭБЖЖО-ға қолжетімсіздік немесе ЭБЖЖО-ға кез келген басқа қолжетімсіздік нәтижесінде электр энергиясын беруді азайту (*curtailment*) жағдайларын жабу үшін мынадай рұқсат етілген қолжетімсіздікке құқығы бар (мұндай рұқсаттың шегінде бұл ЭБЖЖО-ға қолжетімсіздік үшін Шартты пайдалы шығыс энергиясы ретінде есептелмейді).

1. ЖКПК-дан басталатын алғашқы 3 Келісімшарттық жыл: Әрбір Келісімшарттық жыл үшін максималды мерзім 15 күн, бұл ретте Сатып алушы әрбір Келісімшарттық жыл үшін қолжетімсіздік 15 күннен аз болған жағдайда Сатып алушыға қайтарылатын 290 000 АҚШ доллары x 15 күн мөлшерінде жылдық аванстық депозит төлейді

2. Әрбір келесі Келісімшарттық жыл: Әрбір Келісімшарттық жыл үшін максималды кезең 10 күн, бұл ретте бұл ретте Сатып алушы әрбір Келісімшарттық жыл үшін қолжетімсіздік 15 күннен аз болған жағдайда Сатып алушыға қайтарылатын 290 000 АҚШ доллары x 5 күн мөлшерінде (аталған 5 күн қазірдің тарифке енгізілгенін ескере отырып) жылдық аванстық депозит төлейді

Жоғарыда көрсетілген рұқсаттар сағатпен көрсетілуге және қолданылуға тиіс, ал төртінші Келісімшарттық жылдан бастап рұқсат етілген қолжетімсіздік үш Келісімшарттық жыл ішінде әрбір үздіксіз кезең үшін қосындылана алады.

Сонымен қатар жоғарыда көрсетілген рұқсат етілген қолжетімсіздік/төлем механизмі тарифтің (Шартты пайдалы шығыс электр энергиясын қосқанда Электр энергиясы үшін төлем) желдік генератордың құрамдас бөлігіне қатысты және

осындай рұқсат етілген қолжетімсіздік шегінде ғана қолданылады. Күмән тудырмас үшін рұқсат етілген қолжетімсіздік Сатушының ЭБЖЖО төлеміне және ЭБЖЖО-ға кез келген қолжетімсіздік үшін Жинақтау төлеміне (оның ішінде Жинақтаушы қуаттың шартты қолжетімділігіне) құқығын ешбір жолмен шектемейді. Сонымен қатар, рұқсат етілген қолжетімсіздік Сатушының қолданыстағы рұқсат етілген қолжетімсіздіктен асатын ЭБЖЖО-ға кез келген қолжетімсіздік үшін Электр энергиясы үшін төлемге (Жинақтаушы қуаттың шартты қолжетімділігіне) кез келген құқығын шектемейді.

Жүйелік оператор ("KEGOC" АҚ) осы шығындарды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес міндетті түрде "KEGOC" АҚ-ның реттелетін қызметтеріне енгізе отырып Сатушының Коммутациялық станциясынан Ақтоғайдағы кіші станцияға қосылатын нүктеге дейінгі Байланыстырушы электр беру желілерінің объектілерінде туындайтын технологиялық залалдар бойынша барлық шығынды көтеруге міндетті.

Жел электр станциясы:

9. Әрбір Топтың КПК-ден бастап ЖКПК-ге дейін Сатып алушы салынған және пайдалануға енгізілген, әрбір Топ берген немесе шартты түрде берген Пайдалы шығыс электр энергиясын және Шартты пайдалы шығыс энергиясын ерте өндірудің бүкіл кезеңі үшін Электр энергиясының ақысын төлеуді жүзеге асыратын болады.

10. ЖКПК-ден бастап, Сатып алушы Жел электр станциясы беретін немесе шартты түрде беретін бүкіл Пайдалы шығыс электр энергиясы және Шартты пайдалы шығыс электр энергиясы

(13)

Сатып алу және төлемдер құрылымы

үшін Электр энергиясының ақысын төлеуді жүзеге асыратын болады.

Жинақтаушы қондырғы:

11. Жинақтаушы қондырғының КПК-ден бастап ЖКПК-ге дейін Сатып алушы берген немесе шартты түрде берген Жинақтаушы қондырғының Ерте өндіру кезеңінің бүкіл Қолжетімді жинақтаушы қуаты және Шартты қолжетімділігі үшін Жинақтау төлеуді жүзеге асыратын болады.

12. ЖКПК-ден бастап Сатып алушы берген немесе шартты түрде берген Жинақтаушы қондырғының бүкіл Қолжетімді жинақтаушы қуат және Шартты қолжетімділігі үшін Жинақтау ақысын төлеуді жүзеге асыратын болады.

13. Сатушы қандай болса да бір Зарядтық энергияның ақысын төлеуге міндетті емес және Жіберілетін энергия үшін төлемақы алмайды. Жинақтаушы қондырғыны барлық қосымша тұтыну Зарядтық энергия ретінде беріледі. Сатып алушыға Жинақтаушы қондырғының екі жаққа да тиімді істеуі үшін кез келген өтемақы Жинақтау төлеміне қолданылатын түзетулер арқылы есептеледі, ал Сатушы Зарядтық энергияға және Жіберілетін энергияға қатысты (соның ішінде қосымша тұтынуға, жинақтау мен беру кезіндегі шығындарға қатысты) ешбір өзге шығын тәуекелін көтермейді.

ЭБЖЖО:

ЭБЖЖО КПК-дан бастап Сатып алушы ЭБЖЖО төлем ақысын жүзеге асырады.

Төлемдердің есептері:

Электр энергиясы үшін төлемақыны (жоғарыда көрсетілгендей рұқсат етілген ЭБЖЖО-ға қолжетімсіздік ескеріле отырып, Шартты пайдалы шығыс электр энергиясын қоса алғанда), Жинақтау төлемақысын (Жинақтаушы қуаттың шартты

		<p>қолжетімділігін қоса алғанда) және ЭБЖЖО төлем (ЭБЖЖО төлемі айына тіркелген соманы құрайтынын ескере отырып) есептеу тетігін тараптар ЭССШ-да тек кепілге қойылған мүлікті ғана өндіріп алу құқығымен кредит беруге негізделген қаржы мәмілелері үшін өңірлік прецеденттерге сәйкес келесетін болады.</p>
(14)	Қосылу нүктелері және Өлшем	<p>14. Мыналар жел электр станциясының Пайдалы шығыс электр энергиясын жеткізу және (ii) Жинақтаушы қондырғының Зарядтық энергиясың алу мен Жіберу энергиясын жеткізуге арналған Қосылу нүктелері мен Өлшем жүйелері Жел электр станциясына арналған тиісті жоғары вольтты трансформаторларда және Сатушының Коммутациялық станциясындағы Жинақтаушы қондырғыда орналастырылатын болады.</p> <p>15. Сатып алушы жағындағы Қосылу нүктелерінде бүкіл Пайдалы шығыс электр энергиясының, Жіберілетін энергияның және Зарядтық энергияның (соның ішінде ЭБЖЖО арқылы берілетін энергияға қатысты) шығыны тәуекелін көтереді.</p>
		<p>Жел электр станциясы:</p> <p>16. ЖКПК-ге дейін Сатушы өз КПК-ге жеткен кез келген Топтардан бүкіл Пайдалы шығыс электр энергиясы үшін мәні бойынша оның алдағы операциялық тәулікке желіге жоспарланған электр энергиясын жіберудің толық сағаттық көлеміне тең болатын электр энергиясын өндірудің жоспарланған болжамды көлемі өтінімді туралы бір тәулік жіберуге міндетті. Сатып алушы осындай Топтар өндірген бүкіл Пайдалы шығыс электр энергиясын қабылдауға міндетті. Сатушы барлық Пайдалы шығыс</p>

(15)

Электр энергиясын қабылдау

энергиясы бойынша осындай өндірудің жоспарланған болжамды көлемін сақтаудың техникалық тұрғыдан мүмкін болатындай дәрежесінде сақтауға бар күшін салады.

17. ЖКПК-ден бастап және одан кейін Сатушы Жел электр станциясынан бүкіл Пайдалы шығыс электр энергиясы үшін мәні бойынша оның алдағы операциялық тәулікте желіге жоспарланған электр энергиясын жіберудің толық сағаттық көлеміне тең болатын электр энергиясын өндірудің жоспарланған болжамды көлемі туралы өтінімді бір күні бұрын жіберуге міндетті. Сатып алушы Жел электр станциясы өндірген бүкіл Пайдалы шығыс электр энергиясын қабылдауға міндетті. Сатушы барлық Пайдалы шығыс энергиясы бойынша осындай өндірудің жоспарланған болжамды көлемін сақтаудың техникалық тұрғыдан мүмкін болатындай дәрежесін сақтауға бар күшін салады.

18. Рұқсат етілген қолжетімсіздік шегінде ЭБЖЖО-ға қатысты немесе электр энергиясын қабылдамау Сатушының әрекеті немесе әрекетсіздігінен туындаған жағдайларды қоспағанда, егер тиісті Топтан (ЖКПК-ге дейін) немесе Жел электр станциясынан (ЖКПК-ден) берілген электр энергиясы қандай да бір себеппен толығымен қабылданбаса, Сатып алушы Шартты пайдалы шығыс электр энергиясының ақысын төлеуге міндетті.

Жинақтаушы қондырғы:

19. КПК-ден бастап және одан кейін Жинақтаушы қондырғыға қатысты Сатушы Жинақтаушы қондырғының әрбір сағатына Мәлімделген қолжетімді жинақтаушы қуаты туралы бір күн бұрын хабарламаны жіберуге міндетті.

20. Мәлімделген қолжетімді жинақтаушы қуат кез келген

уақытта мынадай шамалардың: (i) Сынақталған жинақтаушы қуаттың және (ii) 100% Келісімшарттық жинақтаушы қуаттың азынан аспауға тиіс. Сынақталған жинақтаушы қуатты анықтауға арналған жинақтаушы қуатты сынау Жинақтаушы қондырғыны пайдалануға беру шеңберінде жүзеге асырылады және одан кейін жыл сайын қайталанып тұрады.

21. Сатып алушының Жинақтаушы қондырғының Пайдалану шектеулерін, Жинақтаушы қуат зарядының деңгейін және циклды пайдаланудың шекті мәндерін ескере отырып (күніне 1,1 циклден және жылына 400 циклден аспайтын, Сатып алушының Жинақтаушы қондырғыны күніне кемінде екі (2)) цикл әрбір Келісімшарттық жылда 30 күн циклді пайдаланумен зарядтауға және зарядсыздандыруға құқығы бар екенін ескере отырып), Жинақтаушы қондырғыны зарядтауға және зарядсыздандыруға айрықша құқығы бар.

22. Жинақтаушы қондырғы Жинақтаушы қондырғының Пайдалану шектеулерінің, Жинақтаушы қуат заряды деңгейінің шектеулерінің және циклдерді пайдалану шектеулерінің (күніне 1,1 циклден және жылына 400 циклден аспайтын, Сатып алушының Жинақтаушы қондырғыны аспайтын әрбір Келісімшарттық жылда циклді 30 күн күніне кемінде екі (2) циклден циклдік пайдалану шегімен зарядтауға және разрядтауға құқылы екенін ескере отырып) сақталуы шартымен электр энергиясын автоматты түрде беру мақсатында Жиілікті және қуат ағымдарын автоматты реттеу жүйесіне қосылады.

(16)	Төлемдер және шоттарды ұсыну	<p>23. Сатушы Сатып алушыға Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген бағам бойынша шот ұсынылған күнгі АҚШ Долларындағы тиісті сомаға баламалы сомада теңгемен шоттарды ұсынады.</p> <p>24. Сатып алушының барлық төлемі Сатушы беретін түзетілген шот-фактураға сәйкес 45-ші күні бірінші шот-фактура күні мен осындай 45-ші күн арасындағы валюта бағамдарының кез келген ауытқуын ескере отырып, теңгенің АҚШ долларына шаққандағы бағамы бойынша бірінші шот-фактураны алған күннен бастап 45-ші күні теңгемен жүзеге асырылуға тиіс.</p> <p>25. Сатып алушы даулайтын шоттар бойынша кез келген сомалар теңгемен эскроу/депозиттік шотына аударылуға тиіс. Кешіктірілген төлемдерге кешіктірілген төлем Мөлшерлемесі бойынша пайыздар (яғни SOFR + жылдық 3%) есептеледі.</p>
(17)	Сатып алушыны қаржылық қолдау	<p>Сатып алушы Сатушыға кемінде 4 айлық кіріске (түсімге) тең сомаға BBB кредиттік рейтингі бар банктен банк кепілдігі түріндегі Сатып алушының қаржылық қолдауын ұсынып, сақтап тұруға міндетті.</p>
(18)	Экологиялық параметрлер	<p>3. Сатушы Жел электр станциясымен Жинақтаушы қондырғымен байланысты барлық Экологиялық параметрді пайдаланады.</p> <p>4. Жоба шеңберінде өндірілген көміртегі офсеттерін пайдалану және сату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.</p>
		<p>26. Тараптардың кез келгені ФМ-нің немесе Саяси ФМ-нің басталуына байланысты өз міндеттемелерін орындаудан босатуды талап ете алады. Сатушы Сатып алушының Тәуекел жағдайына байланысты міндеттемелерді орындаудан</p>

(19)

Міндеттемелерді орындаудан босату оқиғалары

босатуды және ФМ-нің, Саяси ФМ-нің немесе Сатып алушының Тәуекел жағдайының туындауына байланысты шарт мерзімдерін ұзартуды қосымша талап ете алады.

27. ФМ (электр беру жүйесіндегі Форс-мажор болып табылмайтын) кезінде Сатып алушы жеткізілген Пайдалы шығыс электр энергиясы үшін төлеуі, берілген Қолжетімді жинақтаушы қуат үшін Жинақтау ақысын төлеуді және ЭБЖЖО төлеуді жүзеге асырулды жалғастыруға міндетті. Сонымен қатар, Сатушы Қолданыс мерзімін ұзартуды талап ете алады.

28. Саяси ФМ, Сатып алушының тәуекел жағдайы немесе электр беру жүйесіндегі Форс-мажор кезінде Сатып алушы: (i) Пайдалы шығыс электр энергиясы мен Шартты пайдалы шығыс электр энергиясы үшін ақы төлеуді, (ii) Қолжетімді жинақтаушы қуат және Жинақтаушы қуаттың шартты қолжетімділігі үшін Жинақтау ақысы төлеуді, (iii) ЭБЖЖО ақы төлеуді жүзеге асыруға міндетті.

ФМ және Саяси ФМ жағдайлары ФМ бастапқы шекті талаптарды қанағаттандыруға тиіс. ФМ-нің толық емес тізімі ЭССШ-ке енгізілген. Саяси ФМ-нің толық тізімі ЭССШ-ке енгізілген.

Сатып алушының тәуекел жағдайлары

29. Сатып алушының тәуекел жағдайлары Байланысқан міндеттемелерді орындамау жағдайларын, Алаңға байланысты мәселелерді және Электр беру жағдайларын қамтиды.

30. Байланысқан міндеттемелерді орындамау жағдайларына: (i) ЖО-ның ЭБЖЖО-ны пайдалануына және техникалық қызмет көрсетуіне немесе ЭПШ-ті бұзуына байланысты Сатып алушының ЭССШ-ті, Үкіметтің ИтК-ні, ЖО-ның Электр желілеріне қосылу туралы шартты, Техникалық диспетчерлендіру

туралы шартты немесе ЭПШ-ті, Сатушының электр желілеріне қосылу туралы шартты бұзуы немесе сақтамауы; және (ii) Сатып алушының, Үкіметтің немесе Мемлекеттік органның (немесе олардың тиісті Үлестес тұлғаларының) олар тарапы болып табылатын Жобалық келісімді кез келген басқа бұзуы немесе орындамауы жатады.

31. Алаңға байланысты мәселелер: (i) жер топырағының күтпеген және болжап білуге болмайтын жағдайлары және (ii) жоғарыда көрсетілгендей бәсекелес құрылыстарды қамтиды.

32. Электр беру жағдайлары: (i) Электр беруі кешіктіру жағдайларын (яғни, Сатып алушының жер учаскесіне құқықтарды алмауы немесе ЭБЖЖО алаңын кедергісіз пайдалануды және оған қол жеткізуді қамтамасыз етуі немесе ЖО-ның Сатушы жұмыстары ауқымынан тыс қажетті желілік жұмыстарды аяқтауы); (ii) Электр беруды электрлендіру жағдайларын (яғни, кез келген Топқа немесе Жинақтаушы қондырғыға кернеуді беру үшін электр энергиясының кері берілуін қамтамасыз ете алмау), (iii) Электр беруды синхрондау жағдайларын (яғни, синхрондауға рұқсатты беруден негізсіз бас тарту немесе синхрондау Электр беру жүйесінің техникалық сипаттамаларын ескере отырып іс жүзінде мүмкін болмаған немесе орынды болмаған кезде) және Электр беру сынау жағдайларын (яғни, Электр беру жүйесінің сұраныс пен ұсыныс жағдайы нәтижесінде іске қосу-баптау сынақтарын жүргізудегі кідірістер) қамтиды.

33. Жауапкершіліктен босатуға қатысты жалпы ережелерге нұқсан келтірместен, ФМ, Саяси ФМ немесе Сатып алушының тәуекел

жағдайы салдарыкан Зақымдану жағдайы орын алған кезде арнайы режим қолданылады.

34. Қаржы құжаттарына сәйкес Сатушы барлық Сақтандыру төлемдерін (іске қосуды кешіктіру және өндірістегі үзіліс үшін сақтандыруды қоспағанда, сақтандыру түсімдері және басқа да өтемақылар) жеке Қалпына келтіру шотына толеуге міндетті. Сатушы Қондырғының, Алаңның және ЭБЖЖО Алаңының (жағдайға қарай) қауіпсіздігі мен сақталуын қамтамасыз ету үшін Қазақстан заңнамасына сәйкес барлық қажетгі әрекеттерді жасау тиіс.

35. Тәуелсіз жобалау компаниясымен және Кредиторлардың техникалық консультантымен консультация ала отырып, Сатушы: (а) Қондырғыны 24 ай ішінде коммерциялық тұрғыдан орынды негізде реконструкциялауға, жөндеуге немесе қалпына келтіруге болатынын-болмайтынын (бұл мерзім өзара келісім бойынша ұзартылуы мүмкін); және (b) Сақтандыру төлемдерінің (Сатушыға қолжетімді басқа сомалармен бірге) осындай реконструкциялау, жөндеу немесе қалпына келтіру үшін жеткілікті болуы атының-болмайтынын адал ниетпен анықтайды.

36. Егер Сатушы Қондырғыны: а) қалпына келтіру, жөндеу немесе реставрациялаудың мүмкін еместігін айқындаса, онда Тараптардың кез келгені шартты бұзуалалады мүмкін және (Қаржы құжаттары ескере отырып) Сақтандыру төлемдері, біріншіден , Сатушының Қондырғы мен Алаңның қауіпсіздігі мен сақталуын қамтамасыз ету бойынша шығыстары мен шығындарын төлеу үшін, екіншіден, Сатып алушыға тиесілі сомаларды төлеу үшін, үшіншіден , Сатушыға (немесе оларды алуға

заңды құқығы бар тұлғаға немесе сот шешімі бойынша) бөлінеді;

b) тек ішінара қалпына келтіруге, жөндеуге немесе реставрациялауға болатынын айқындаса, онда Сатушы Сақтандыру төлемдерінің тиісті сомасын осындай реконструкциялау, жөндеу немесе қалпына келтіру шығындарын жабуға жіберіп, жұмысқа дереу кірісуге тиіс, ал Сақтандыру төлемдерінің барлық артық сомалары бірінші кезекте Сатып алушыға тиесілі сомаларды төлеуге, екінші кезекте Сатушыға тиесілі сомаларды төлеуге бөлінуге тиіс;

c) қалпына келтіру, жөндеу немесе реставрациялау мүмкін екендігін ақындаса, онда Сатушы барлық Сақтандыру төлемдерін осындай қалпына келтіру, жөндеу немесе реставрациялау құнын жабу үшін жіберуге және дереу жұмысқа кірісуге міндетті.

37. Зақымдану жағдайы саяси ФМ-мен немесе Сатып алушы тәуекелі жағдайынан туындаса, Сатып алушы шартты шығыс қуаты үшін кез келген төлемдерді, Жинақтаушы қуаттың шартты қолжетімділігі үшін төлемді және ЭБЖЖО-ға тиесілі төлемді ақыны жүзеге асыруді жалғастыруға тиіс (және Сатушы бұл қаражаты Қалпына келтіру шотына салуға міндетті емес).

38. Сатушы Қазақстан Республикасының трансферттік баға белгілеу туралы заңнамасын сақтай отырып, (i) Саяси ФМ-ға; (ii) Сатып алушының тәуекелі жағдайына; немесе (iii) бәсекелес құрылысқа байланысты Шығындар Бағасын түзетуді талап ете алады.

39. Сатып алушы Қазақстан Республикасының трансферттік баға белгілеу туралы заңнамасын сақтай отырып, Саяси ФМ-ға байланысты Үнемдеу бағасын түзетуді талап ете алады.

(21)

Көтеріңкі шығындар және
Үнемдеу

40. Наразылық білдіру үшін белгілі бір рәсімдік талаптарды орындау қажет, ал Сатушы қосымша Шығындардың орын алуына себептеспеген немесе қосымша Шығындардың пайда болуына әкеліп соқтырған оқиғаның себептерін болдырмау немесе салдарын барынша азайту үшін барлық іс-шараны қабылдамаған болуға тиіс. Шығындардың немесе Үнемдеудің жалпы сомасы 1 миллион АҚШ долларынан аспайынша бағалар түзетілмейді.

Сатушының шығынды өтеуі:
Сатушы Сатып алушы мен Сатып алушы тараптарына мынадай наразылықтар бойынша мынадай шығындарды өтейді:

а) Сатып алушының немесе Сатып алушының кез келген Тараптарының немқұрайлы әрекетінің немесе әрекетсіздігінің, олардың ЭССС-ті бұзуымен немесе Сатып алушының немесе кез келген Сатып алушы Тараптарының зардаптарды барынша азайту бойынша шараларды қолданбауына байланысты жағдайларды қоспағанда, ЭССС-ті орындау нәтижесінде немесе онымен байланысты орын алған Сатушының немесе кез келген Сатушы Тараптарының немқұрайлы әрекеті не әрекетсіздігі нәтижесіндегі мүліктің жоғалуы немесе зақымдалуы, адамдардың өлімі немесе жарақаттануы үшін (жұмыскерлерге өтемақы төлеу туралы талаптарды қоспағанда); және

б) қолданылатын Экологиялық заңнамаға сәйкес, Алаңда немесе Жобаға арналған Қоймалау учаскесінде табылған кез келген қауіпті материалдарды қоспағанда, бірақ тек егер бәсекелес құрылыс болған жағдайда, және бұл жағдайда қауіпті материалдарды табу фактісі бойынша тергеу Сатушыдан қандай болса да құқық

(22)

Шығынды өтеу

бұзушылықтарды жасау күдіктерін алып тастаған (тәуелсіз кеңесші Жабылу күніне дейін Сатушының есебінен алған топырақ сынамалары мен тәуелсіз кеңесші Сатушының есебінен дайындап, Жабылу күніне дейін ұсынуға тиіс экологиялық есеп куәландыратын мұндай наразылықтар Алаңның, ЭБЖЖО Алаңының немесе Жобаға арналған Қоймалау учаскесінің оларды Сатушыға бергенге дейін күйінің нәтижесі немесе күйіне байланысты туындаған жағдайларды қоспағанда) Сатушының Қондырғыны жобалауына, салуына, сынауына, пайдалануға беруіне, иеленуіне немесе пайдалануына, немесе ластану, зардаптарды жою, ауыстыру, кетіру немесе басқа қатерсіздендіру немесе оларға байланысты қадағалау жөніндегі кез келген міндеттемелерге байланысты Алаң, ЭБЖЖО Алаңы және/немесе Жобаға арналған Қоймалау учаскесінің күйіне байланысты орын алған. Сатып алушының шығынды өтеуі: Сатушының немесе кез келген Сатушының Тараптарының немқұрайлы немесе әрекет заңсыз әрекеттерімен, олардың ЭССШ-ті бұзуымен немесе Сатушының немесе кез келген Сатушы Тараптарының зардаптарды барынша азайту бойынша шараларды қолданбауына байланысты жағдайларды қоспағанда, Сатып алушы Сатушыға және Сатушы Тараптарына ЭССШ-ті орындау нәтижесінде немесе онымен байланысты орын алған Сатып алушының немесе кез келген Сатып алушы Тараптарының немқұрайлы әрекеті не әрекетсіздігі нәтижесіндегі мүліктің жоғалуына немесе зақымдалуына, адамдардың өліміне немесе жарақаттануына (жұмыскерлерге өтемақы төлеу туралы талаптарды қоспағанда)

байланысты кінәрат-талаптар бойынша жоғалтымдарды өтейді.

Сатушы міндеттемелерді орындамаған жағдайлары

Төменде Сатушының Міндеттемелерді орындамау жағдайлары толық тізімі берілген:

(a) Сатушының Коммерциялық пайдалануды бастауға арналған ең соңғы мерзіміне немесе оған дейін (немесе қажет болса, коммерциялық пайдалануды бастауға арналған ұзартылған ең соңғы мерзіміне) әрбір Жел электр станциясы мен Жинақтаушы қондырғы және/немесе ЖКПК үшін ең төменгі қабылдау қуатына қол жеткізу қабілетсіздігі;

(b) Сатушының тиісті Коммерциялық пайдалануды Бастау күнінен немесе ЖКПК-тен кейін Топты, Жел электр станциясын, Жинақтаушы қондырғыны, Сатушының коммутациялық станциясын немесе Түйіндесу орындарын, егер олар жұмысқа қабілетті болса, пайдалану жөніндегі өз міндеттерін қасақана және негізсіз орындамауы;

(c) Жобаны іске асырудан бас тарту;

(d) Сатушы мұндай Келісімдерді алу немесе ұзарту үшін барлық орынды күш-жігерді жұмсамаған болса және бұл бұзушылық Сатып алушыға хабарланған күннен бастап 30 күн ішінде жойылмаған болса, қажетті келісімдерді алмау және олардың жоқтығы;

(e) Сатушының белгіленген мерзімде Мерзімді өткізіп алғаны үшін тұрақсыздық айыбын төлемеуі немесе Сатушының ЭССШ бойынша кез келген басқа төлемді ол төленуге тиіс болған күннен кейін 60 күн ішінде төлемеуі;

(f) Сатушыға қатысты төлем қабілетсіздігі оқиғасы;

(g) Сатып алушы Сатушыны бұзушылықтың егжей-тегжейлі сипаттамасы мен оны жою

талабымен осындай бұзушылық фактісін көрсете отырып, хабардар еткеннен кейін 60 күн ішінде жойылмаған Сатушының ЭСССШ бойынша өзінің елеулі міндеттемелерінің кез келгенін бұзуы (жоғарыда көрсетілгендерді қоспағанда);

(h) ЖУ Жалдау шарты Сатушының ЖУ Жалдау шарты бойынша немесе оған байланысты өз міндеттемелерін кез келген орындамауы нәтижесінде және/немесе оған байланысты тоқтатылады, және бұл орындамаушылық ЖУ Жалдау шартында ескерілгендей, Тараптармен келісілген немесе сарапшы оны орын алған деп анықтаған;

(i) егер мұндай қол жеткізе алмау турбиналардағы кез келген сериялық ақаудан (ақаулардан) туындамаған болса, Жел электр станциясының ЖКПК-тен кейінгі қатарынан екі Келісімшарттық жыл ішінде кемінде 70% мөлшеріндегі Өлшенген орташа пайдалануға дайындығына қол жеткізе алмауы;

(j) егер мұндай қол жеткізе алмау Тәуелсіз жобалау компаниясымен расталған және сертифицикатталған турбиналардағы кез келген сериялық ақаудан (ақаулардан) туындамаған болса, және Сатушы мен Сатып алушы келесі 12 айлық кезеңнің соңынан кешіктірмей Өлшенген орташа дайындықтың 80%-дан кем емес шаманы құрайтынын көрсете алмайтын болса, Жел электр станциясының ЖКПК-тен кейінгі қатарынан екі Келісімшарттық жыл ішінде кемінде 70% мөлшеріндегі Өлшенген орташа пайдалануға дайындығына қол жеткізе алмауы;

(k) егер мұндай қол жеткізе алмау энергияны түрлендіру жүйелеріндегі немесе батарея модульдеріндегі кез келген сериялық ақаудан (ақаулардан) туындамаған болса, Жинақтаушы кондырғының ЖКПК-тен кейінгі

(23)

Міндеттемелерді орындамау жағдайлары

кез келген қатарынан екі Келісімшарттық жыл ішінде кемінде 70% мөлшеріндегі Жинақтаудың қолжетімділік факторына қол жеткізе алмауы;

(l) егер мұндай қол жеткізе алмау Тәуелсіз жобалау компаниясымен расталған және сертифицикатталған энергияны түрлендіру жүйелеріндегі немесе аккумуляторлық модульдердегі кез келген сериялық ақаудан (ақаулардан) туындамаған болса, және Сатушы келесі 12 айлық кезеңнің соңынан кешіктірмей Жинақтаудың қолжетімділік факторының 80%-дан кем емес шаманы құрайтынын көрсете алмайтын болса, Жинақтаушы қондырғының ЖКПК-тен кейінгі кез келген қатарынан екі Келісімшарттық жыл ішінде кемінде 70% мөлшеріндегі Жинақтаудың қолжетімділік факторына қол жеткізе алмауы;

(m) Жинақтаушы қондырғының сол кезде қолданылып жатқан Келісімшарттық жинақтаушы қуаттың, кем дегенде, 90%-ына тең Сыналған жинақтаушы қуатқа қол жеткізе алмауы;

(n) егер мұндай қол жеткізе алмау Тәуелсіз жобалау компаниясымен расталған және сертифицикатталған энергияны түрлендіру жүйелеріндегі немесе аккумуляторлық модульдердегі кез келген сериялық ақаудан (ақаулардан) туындамаған болса, және Сатушы келесі 12 айлық кезеңнің соңынан кешіктірмей Сыналған жинақтаушы қуаттың 80%-дан кем емес шаманы құрайтынын көрсете алмайтын болса, Жинақтаушы қондырғының ЖКПК-тен кейінгі кез келген қатарынан екі Келісімшарттық жыл ішінде сол кезде қолданылып жатқан Келісімшарттық жинақтаушы қуаттың, кем дегенде, 90%-ына тең Сыналған жинақтаушы қуатқа қол жеткізе алмауы;

(o) Тыйым салынған табыстау орын алуда (яғни, Сатушыға қолданылатын талаптарға сәйкес рұқсат етілмеген меншік құқығын табыстау); немесе

(p) Сатушының, Үлестес тұлғаның немесе Инвестордың Қазақстанның заңнамасына сәйкес және тиісінше әрбір жағдайда ЭССШ-те, ИТК-де немесе ЖУ Жалдау шартында ескерілгеннен басқа негіздермен ЭССШ-ті, ЖУ Жалдау шартын немесе ИТК-ні бұзуы,

(d)-(h) тармақтары жағдайында белгілі бір қосымша жеңілдікті кезеңдер ескеріледі.

Сатып алушының міндеттемелерді орындамау оқиғалары

Төменде Сатып алушының Міндеттемелерді орындамау оқиғаларының толық тізімі берілген:

(q) Сатып алушының ЭССШ-ке сәйкес оның төлеу мерзімі басталғаннан кейін 30 күннен кейін төлемді жүргізу қабілетсіздігі;

(r) Сатушы Сатып алушыны бұл бұзушылықтың егжей-тегжейлі сипаттамасы мен оны жою талабымен осындай бұзушылық фактісін көрсете отырып, хабардар еткеннен кейін 60 күн ішінде жойылмаған Сатып алушының ЭССШ бойынша өзінің елеулі міндеттемелерінің кез келгенін бұзуы (жоғарыда аталғандардан басқа);

(s) Сатушының ЖУ Жалдау шарты бойынша немесе оған байланысты Тараптар келіскен немесе ЖУ Жалдау шартында ескерілгендей, сарапшы орын алған деп анықтаған өз міндеттемелерін орындау және/немесе өз міндеттемелерін қанағаттандыру кез келген қабілетсіздігі нәтижесінде және/немесе оған байланысты Жер учаскесін беру туралы кез келген Өтініш күшін жояды немесе ЖУ Жалдау шартының қолданылуы тоқтатылады;

(t) Қондырғының немесе Сатушының кез келген материалдық активінің жұмысына немесе Сатушының кез келген акцияларына не басқа қатысу үлестеріне айтарлықтай және жағымсыз әсерін тигізетін Алаңды , ЭБЖЖО-ға арналған Алаңды, Қондырғыны немесе кез келген елеулі бөлігін экспроприациялау немесе мәжбүрлеп сатып алу;

(u) Сатып алушыға қатысты төлем қабілетсіздігі оқиғасы;

(v) Сатып алушыға Қаржылық Қолдауды Топпен Жоспарланған Бірінші Топты коммерциялық пайдалануды бастау күніне дейін екі ай бұрын ұсынбау және/немесе 30 күн ішінде Сатып алушыға Қаржылық қолдауды ұсынбау немесе оның жарамсыздығы;

(w) Үкімет тарапынан бұзушылық нәтижесінде ИтК-ның бұзылуы; немесе

(x) Сатып алушының, мемлекеттік контрагенттің ЭССШ-ті, ИтК-ны немесе ЖУ Жалдау шартын Қазақстанның заңнамасына сәйкес , бірақ ЭССШ-те, ИтК-де немесе ЖУ Жалдау шартында көрсетілгеннен өзгеше негіздер бойынша бұзуы.

41. Шартты бұзу оқиғаларының жабық тізімі ЭССШ-те көрсетілген.

42. Бұзу сценарийіне байланысты тараптардың бірі немесе тараптардың екеуі де келісімді бұзуға құқылы болуы мүмкін. Бұдан басқа, бұзу сценарийіне байланысты не Сатушының Сатып алушыдан Жобаны сатып алуды талап ету құқығы болуы мүмкін, не Сатып алушының Жобаны сатып алу құқығы болуы мүмкін, немесе Сатып алушы әр жағдайда белгілі бұзу құнын төлеумен Жобаны сатып алуға міндетті болуы мүмкін. Мерзімінен бұрын бұзу сценарийіне байланысты Сатып алушы бұзудың үш түрлі құнын төлеуі мүмкін.

(24)	Бұзу және Табыстау	<p>43. Бұзу оқиғалары, бұзу құқықтары, табыстау мен шартты бұзу құнының нұсқалары туралы жан-жақты ақпарат Қосымшада келтірілген.</p> <p>44. Сатып алушы Есеп айырысу күнінен кейін 120 күн ішінде Сатушының оффшорлық банк шотына дереу қолжетімді қаражат түрінде АҚШ долларындағы талап етілетін бұзу құнын төлеуге міндетті. Барлық бұзу сомалары қосылған құн салығын ескерілуінсіз есептеледі. Егер қолданылатын болса, Сатып алушы төленуге тиіс сомалардан қосылған құн салығын төлеуге міндетті.</p> <p>45. Кез келген табыстау " ағымдағы күйде" (as is, where is) қағидаты бойынша жүзеге асырылады.</p>
(25)	Құқықты басқаға беру	<p>Сатушы Қаржы құжаттары бойынша өз құқықтарын қамтамасыз ету тәртіппен бере алатын (және Сатып алушы мұндай тағайындауға келісім беретін) шартымен, Тараптардың ешқайсысы басқа тараптың (негізсіз ұсталып қалмауы немесе кейінге қалдырылмауға тиіс) алдын ала жазбаша келісімінсіз ЭЭССШ бойынша өз құқықтарын немесе міндеттемелерін бере немесе табыстай алмайды.</p>
		<p>Сатушыдағы қатысу үлесіне меншік құқығы мына талаптардың сақталуымен табысталуы мүмкін:</p> <p>(y) Табыстау Тыйым салынған алушыға жүргізілмейді (яғни, ауысу оған қатысты белгілі бір санкциялаушы органдардың санкциялары қолданылатын компанияға немесе Қаржыландырушы тараптардың КҮС талаптарын қанағаттандырмайтын компанияға жүргізілмеуге тиіс);</p> <p>(z) Сатып алушыға кемінде 35 күн бұрын жазбаша хабарландыру беріледі (Қатысушыға немесе Қатысушының Үлестес тұлғасына берілген немесе Қаржы құжаттары</p>

(26)	Сатушыдағы меншік құқығының (үлесінің) ауысуы	бойынша қамтамасыз етуді өндіріп алудан кейінгі жағдайларды қоспағанда); және (aa) ACWA Power компаниясы; (i) ЭССШ-тің 2-ші жылының аяқталуына дейін Сатушыда тікелей немесе жанама қатысудың кемінде 51%-ын; және (ii) ЭССШ-тің 2-ші жылынан кейін ЭССШ-тің 4-ші жылының аяқталуына дейін Сатушыда тікелей немесе жанама қатысу үлесінің және Сатушының Басқарушылық бақылауының кем дегенде 30%-ын (Қаржы құжаттары бойынша қамтамасыз етуді өндіріп алуға байланысты жағдайларды қоспағанда) иелік етеді және сақтайды.
(27)	Қолданылатын құқық және даулар	46. ЭССШ Англия мен Уэльс құқығымен реттеледі. 47. Даулар бастапқыда бейбіт келіссөздер арқылы шешіледі, кері жағдайда техникалық даулар Бөгде инженерлік-техникалық ұйымының сараптамалық қорытындысына берілуі мүмкін, ал барлық басқа даулар Лондондағы Халықаралық Сауда Палатасының (ICC) төрелік соты арқылы шешіледі.

С. ЭССШ-тің негізгі анықтамалары

"Тікелей келісім" (Direct Agreement) Үкімет, Сатып алушы, Инвесторлар, Сатушы және кез келген Қаржыландырушы тарап арасында ЭССШ-да көрсетілген нысанда ЭССШ-ға қатысты жасалатын тікелей келісімді білдіреді.

"Қолжетімді жинақтаушы қуат" (*Available Storage Capacity*) жұмыс күнінің әрбір сағатына қатысты Жинақтаушы қондырғының (Сатып алушының жіберу энергиясын алу мүмкіндігін есепке алмай) жинақтаушы қондырғының қосылу нүктесіне Жіберу энергиясы ретінде жеткізу мүмкіндігі бар МВт-тағы пайдалы қуатты білдіреді; *дегенмен*, бұл егер Сатып алушы ЭССШ талаптарына сәйкес бір сағатқа (немесе толық емес сағатқа) электр энергиясын жеткізу туралы хабарламаны жолдағанға және мұндай сағаттағы (немесе толық емес сағаттағы) Жіберу энергиясының көлемі Мәлімделген қолжетімді жинақтаушы қуаттан аз болуына *байланысты* болады, сонда мұндай сағаттағы Қолжетімді жинақтаушы қуат осы сағаттағы (немесе толық емес сағаттағы) Жіберу энергиясының нақты мөлшерінің есебіне сәйкес реттелуге тиіс, *бұл ретте* егер Мұндай сағатқа (немесе толық емес сағатқа) Жіберу энергиясы төмендегі себептермен Мәлімделген қолжетімді жинақтаушы қуаттан аз болса, Қолжетімді жинақтаушы қуат мұндай түзетуге жатпайды және қолжетімді болып саналады:

(f) форс-мажор;

(g) авариялық жағдай;

(h) Сатып алушының тәуекелі оқиғалары немесе Саяси форс-мажор оқиғалары;

(i) Сатып алушының кешіктіруі немесе Сатып алушының ЭССШ-ті бұзуы;

(j) Жинақтаушы қуаттың зарядтау деңгейі Техникалық шектеулерде көрсетілген ең төменгі мәнге жеткен, және оның Сатып алушыдан алынған электр энергиясын жіберу туралы алдыңғы Хабарламаларға байланысты одан әрі разрядтала алмайды;

(k) Жинақтаушы қуаттың зарядтау деңгейі Техникалық шектеулерде көрсетілген ең жоғары мәндерге жеткен, және оның Сатып алушыдан алынған зарядтау туралы алдыңғы Хабарламаларға байланысты одан әрі зарядтала алмайды;

(l) Техникалық шектеулерде көрсетілгендей, Жинақтаушының қондырғы әрбір Келісімшарттық жылда күніне екі (2) циклдан аспайтындай 30 күн пайдаланыла алатынын ескере отырып, Жинақтаушы қондырғы күніне 1,1 циклден және Келісімшарттық жылда төрт жүз (400) циклден асырмай ең жоғары жүктемемен пайдаланылады;

(m) Жинақтаушы қуаттың сынақтарын жүргізу;

(n) Сатып алушының талабы бойынша Жинақтаушы қондырғыны тоқтату (Жинақтаушы қондырғы жұмыс күйінде болып тұр, бірақ Сатып алушының сауалы бойынша жұмыс істемей тұр); немесе

(o) ЭЭССШ-ке қосымшада көрсетілгеннен тыс алаңдағы қоршаған орта жағдайлары.

"Заңнаманың өзгерісі" (*Change in Law*) қандай болса да мемлекеттік органның кейіннен орындаған әрекеттерінің нәтижесіндегі мына оқиғалардың кез келгенін білдіреді (ЭЭССШ-те көрсетілгендей):

(bb) (ЭЭССШ бойынша ақшалай қаражат төлемінің кез келген аударымына (аударымдарына) қатысты қосымша талаптарды енгізуді қоса алғанда, қолданыстағы Заңнамалық талапты өзгерту, әрекетін тоқтату, күшін жою немесе кері қайтарып алу;

(cc) Электр желілері туралы заңнаманың күшіне енгеннен кейін оның күшін жою немесе әрекетін тоқтату, түрлендіру немесе түсіндірілуін өзгерту;

(dd) ЭЭССШ-ке қол қойған күні қолданылған мөлшерлемелерден тыс Жер салығын, Алаң немесе Байланыстырушы электр тасымалдау желілерінің объектілерін орналастыруға арналған Алаң үшін жалдау ақысын енгізу;

(ee) Заңнамалық талапты қолдану тәсілінің немесе нақ оны қолданылуының немесе түсіндірілуінің өзгеруі; және

(ff) Мемлекеттік органның белгілі бір Мемлекеттік рұқсаттың берілуіне, ұзартылуына, немесе өзгертілуіне байланысты қандай болса да елеулі шарттарды қолдануы;

бұл жағдайда, трансферттік баға белгілеу ережелеріндегі шектеусіз барлық өзгерістер Заңнамадағы өзгеріс болып табылмауға тиіс.

"Зарядтық энергия" (*Charging Energy*) ЭЭССШ-ке сәйкес Жинақтаушы қондырғыға жеткізілетін Жинақтаушы қондырғының Қосылу нүктесіндегі Электр беру жүйесінен түсетін барлық электр энергиясын білдіреді.

"Келісімшарттық жыл" (*Contract Year*) мыналарды білдіреді:

(a) бастапқыда тізбекті он екі (12) айдан тұратын Жобаны коммерциялық пайдалануды бастау күнінен басталатын кезең (мұндай кезең "Келісімшарттың 1 жылы" (*Contract Year 1*) деп аталады); және

(b) одан кейін тізбекті он екі (12) айдан тұратын әрбір келесі кезең, бұл ретте соңғы Келісімшарттық жыл Қолданылу мерзімінің соңғы күнінде аяқталуға тиіс.

"Жіберу энергиясы" (*Discharging Energy*) Жинақтаушы қондырғы түсіретін және ЭЭССШ-ке сәйкес Жинақтаушы қондырғының Қосылу нүктесіне түсетін барлық электр энергиясын білдіреді.

"Экологиялық параметрлер" (*Environmental Attribute*) Қолданылу мерзімі ішінде Жел электр станциясынан және Жинақтаушы қондырғыдан түсетін электр энергиясын сатып алуға, сатуға, немесе пайдалануға қатысты, оларға деген құқықтық бар болуына-болмауына қарамастан, кез келген бірін қалдырмай халықаралық, ұлттық, муниципалдық немесе өзге бар не болашақ несиелерді, жеңілдіктерді, шығарындылар азайтуларын, өтемақылар мен квоталарды және ластаушы заттардың болдырылмаған шығарындыларын немесе қалай белгіленгеннен, аталған, тірелген, жасалған, өлшенген, бөлінген немесе расталған болса да, олардың үкіметтік немесе үкіметтік емес органымен қазіргі таңда сәйкестендірілгеніне немесе болашақта сәйкестендірілетініне қарамастан ұқсас мағынадағы немесе нормативтік мәндегі сөздерді білдіреді. Экологиялық сипаттамалар төмендегілерді қамтиды, бірақ олармен шектелмейді:

(p) жаңартылатын энергия көздеріне арналған квоталар (бірліктер);

(q) ауаға, топыраққа немесе суға кез келген газдың, химиялық немесе күкірт оксидтері, азот оксидтері, көміртегі тотығы және басқа да заттектер сияқты ластаушы заттардың шығарындыларының кез келген алдын алу, азайту, орнын ауыстыру немесе өтеу;

(r) Біріккен Ұлттар Ұйымының Климаттың өзгеруі жөніндегі үкіметаралық сарапшылар тобы немесе заң бойынша басқаша жолмен Жер климатының атмосферада жылудың ұсталуынан өзгеруінің нақты немесе ықтимал қаупін күшейтетіні анықтаған көміртек қостотығының, метанның, азот оксидінің, гидрофторкөміртектің, перфторкөміртектің, күкірт гексафторидінің және басқа жылыжайлық газдардың кез келген болдырылмаған шығарындылары; және

(s) Мұндай Экологиялық сипаттамалардың Сатушының, Инвесторлардың, кез келген Үлестес тұлғаның немесе кез келген Қатысушының пайдасына есептелетініне қарамастан, осы болдырылмаған шығарындылар туралы хабарлау құқығы.

"Зақымдану оқиғасы" (*Event of Loss*) ЭЭССШ-ке сәйкес Қондырғының толығымен немесе оның бір бөлігін зақымдануына, қиратылуына немесе қалыпты жұмыс істеуіне жарамсыздығына әкелетін оқиғаны білдіреді.

"ФМ немесе Саяси ФМ" (*FM or Political FM*) мүддесі қозғалған Тараптың тікелей немесе жанама түрде ақылға қонымды бақылауында емес кез келген мән-жайды білдіреді, бірақ тек төмендегі жағдайлар мен дәрежеде ғана:

(a) Осындай Тарап мұндай мән-жайды, орынды абайлаушылықты танытуға қарамастан, болдырмай, одан аулақ бола немесе оны жоя алмайды;

(b) мұндай оқиға осындай Тарапқа ЭЭССШ бойынша өз міндеттемелерін орындауға кедергі келтіреді және осы Тарап мұндай Тараптың ЭЭССШ бойынша өз міндеттемелерін орындау қабілетіне әсер ететін осындай оқиғаны болдырмау және оның салдарын жеңілдету үшін лайықты абалаушылықты танытып, барлық орынды сақтық шараларын және қисынды балама шараларды қолданған;

(c) тек Сатушыға қатысты, егер мұндай жағдай ЭЭССШ-қа дейін орын алса, онда мұндай оқиға:

(i) Сатушыдан Жобаны Іске асыру графигін сақтау үшін кемінде үш жүз жетпіс бес мың АҚШ доллары (375 000 АҚШ доллары) мөлшеріндегі (бірлі-жарым жағдайда немесе жиынтықта) шығындарға ұшырауын қажет етеді;

(ii) Станция немесе Қондырғы құрылысының маңызды жол графигін бөгейді немесе:

(A) Сатушының Жобаны Іске асыру графигін сақтауын мүмкін емес етеді; немесе

(B) Сатушыдан Жобаны Іске асыру графигін орындау үшін кемінде үш жүз жетпіс бес мың АҚШ доллары (375 000 АҚШ доллары) мөлшеріндегі (жеке жағдайда да, жиынтықта да) шығындарды қажет етеді;

(d) мұндай мән-жай Тараптың Жобалық келісімдердің кез келгені бойынша өз міндеттемелерінің кез келгенін бұзуының тікелей немесе жанама нәтижесі болып табылмайды,

бұл ретте, кез келген Заңнама өзгерісі туындаған жағдайда Сатушы мұндай Заңнамадағы өзгеріс Саяси Форс-мажор болып саналуы үшін (b) және (c) тармақтарының талаптарын орындауға міндетті емес.

ФМ немесе Саяси ФМ "ФМ"-нан және "Саяси ФМ"-нан тұрады.

О "Саяси ФМ" (*Political FM*) төмендегілерді білдіреді:

(a) Әрбір жағдайда Қазақстан аумағында немесе оның қатысуымен орын алған соғыс (жарияланған немесе жарияланбаған) актілері, басып кіру, қарулы қақтығыс, сыртқы жаудың әрекеті немесе блокадасы;

(b) Әрбір жағдайда Қазақстан аумағында орын алған бүліктер, жаппай тәртіпсіздік, азаматтық толқулар, азаматтық соғыстар, революциялар, көтерілістер, саяси сипаттағы ереуілдер, лаңкестік акт немесе науқан, саяси сипаттағы саботаж;

(c) Заңнамадағы өзгерістер;

(d) оған қатысты Қазақстан Республикасының мемлекеттік органының әрекеті немесе әрекетсіздігі бақылаушы немесе ықпал етуші күш болып табылатын электр беру жүйесінің форс-мажор жағдайы;

(e) кез келген үкіметтік рұқсатты қоса алғанда, мемлекеттік органның әрекеті немесе әрекетсіздігі: (i) қолданылуының толық көлемде тоқтатылуы; немесе (ii) өтініш лайықты түрде берілгеннен кейін берілмейді немесе ұзартылмайды; және

(f) ЖКПК алдындағы кезең ішінде немесе Қазақстан бойынша ЕРС-келісімшартта ескерілген кепілдік мерзімінің аяқталуына дейін, бірақ одан кейін емес, немесе тиісті ЕРС-келісімшартта көрсетілген зауытқа немесе жабдыққа бойкот, ықпалшаралар, эмбарго, айыппұлдар немесе ЕРС-мердігер және жабдықты негізгі жеткізуші(лер) тіркелген елдің үкіметі тікелей енгізген басқа шектеулер,

бұл кез келген шетелдік үкімет (f) бөлімінде сипатталған жағдайлардағы аталған елден басқа) Қазақстанға немесе кез келген қазақстандық тауарларға, қызметтерге, ақшалай қаражатқа, активтерге, кәсіпорындарға немесе тұлғаларға тікелей немесе жанама түрде салған кез келген бойкот, ықпалшаралар, эмбарго, айыппұлдар немесе басқа да шектеулер ешбір жағдайда Саяси форс-мажор болып табылмайтынына және Сатып алушының кез келген тәуекел оқиғасы ешбір жағдайда Саяси форс-мажор болып табылмайтынына байланысты болады.

О "ФМ" (FM) төмендегілерді қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей, ФМ-ді немесе Саяси ФМ болып табылмайтын Саяси ФМ-ді білдіреді:

(a) найзағай, өрт, жер сілкінісі, цунами, ерекше су тасқыны, дауыл, циклон, тайфун, қатты құйын немесе басқа да табиғи апат немесе еңсерілмейтін күш жағдайы;

(b) кез келген қолайсыз ауа-райы жағдайларына (жағдайларына) байланысты, әр жағдайда Сатушының немесе оның мердігерлерінің объектісіндегі жұмыстарды немесе Топтың не Қондырғының кез келген пайдалану немесе іске қосу-баптау сынақтарын жалпы он (10) күннен артық мерзімге кешіктіру;

(c) індет немесе оба;

(d) ереуілдер, билікті күшпен басып алу немесе бос тұру (соған Форс-мажор ретінде талаптанатын Тараптың жұмыскерлерінен немесе осындай Тараптың кез келген Қатысушыларынан (акционерлерінен), немесе осындай Тараптың кез келген Қатысушының (акционерінің) кез келген Үлестес, бас немесе еншілес компаниясының жұмыскерлерінен басқа);

(e) жазатайым оқиғалар немесе жарылыстар;

(f) оған қатысты Қазақстан Республикасының мемлекеттік органының әрекеті немесе әрекетсіздігі бақылаушы немесе ықпал етуші күш болып табылатын электр беру жүйесінің форс-мажор жағдайы (күмәнді тудырмас үшін, кез келген авариялық жағдайды қоса алғанда);

(g) (i) ықтимал балама бағдарлардың жоқ болу шартымен мемлекеттік орган немесе Үкімет Алаңға немесе Жобаға арналған Қоймалау учаскесіне көлік бағдарына әсерін тигізетін жоспарлы жөндеу жұмыстары деп жарияламаған; немесе (ii) қол жеткізуді болдырмау жоспарлы жөндеу жұмыстарымен немесе өзге себептермен туындағанына қарамастан кез келген он сегіз (18) айлық кезең ішінде жиырма (20) күннен асатын жиынтық мерзім ішіндегі Сатушының мотогондолаларға, винт қалақтарына, мұнара мен жүк көтергіштігі үш жүз (300) тонна және одан да асатын крандар сегменттеріне қатысты Алаңға немесе Жобаға арналған Қоймалау учаскесіне көлік бағдары бойынша Алаңға немесе ЖКПК-ге дейінгі Жобаға арналған Қоймалау учаскесіне қол жеткізуіне кез келген кедергілер;

(h) ЖКПК-ге дейін, тасу немесе тасымалдау кезіндегі авариялар (бірақ тасуды немесе тасымалдауды жүзеге асыратын тұлға осы Келісімнің тарапы болғанындай, мұндай апат өзімен өзі форс-мажор жағдайы болатын дәрежеде ғана (оған қатысушы тараптың қандай болса да кінәсіз); және

(i) ЖКПК-ге дейін, кез келген аса маңызды аймақтың, доктың, порттың, арнаның немесе оларға іргелес аумақтың жабылуы.

"Электр беру жүйесінің ФМ-і" (*Transmission System FM*) Электр беру жүйесінің, соның ішінде кез келген төтенше жағдай (немесе басқа шектеу, қолжетімсіздік немесе тұқырту) салдарынан, бірақ төмендегі дәрежедегі жағдайларда ғана Жел электр станциясының Қосылу нүктесінде Пайдалы шығыс электр энергиясын алу және жеткізілімін қабылдау, Жинақтаушы қондырғының Қосылу нүктесіне Зарядтық энергияны жеткізу, немесе Жинақтаушы қондырғының Қосылу нүктесінде Жібери энергиясын алу және жеткізілімін қабылдау қабілетінің бұзылуын білдіреді:

(a) Сатушы мұндай бұзушылықты, орынды абайлаушылықты танытуға қарамастан, болдырмай, одан аулақ бола немесе оны жоя алмайды;

(b) мұндай жаңылыс Сатушының Пайдалы шығыс электр энергиясын жеткізу қабілетіне айтарлықтай терең әсерін тигізеді, және Сатушы осындай жаңылыстың Сатушының Пайдалы шығыс электр энергиясын Жел электр станциясының Қосылу нүктесіне жеткізу, Жинақтаушы қондырғының Қосылу нүктесінде Зарядтық энергияны алу немесе Жібери энергиясын Жинақтаушы қондырғының Қосылу нүктесіне жеткізу қабілетіне әсерін болдырмау үшін лайықты абайлаушылықты танытып, барлық орынды сақтық шараларын, ақылға қонымды баламалы шараларды қолданды;

(c) мұндай жаңылыс Сатушының Жобалық келісімдердің кез келгені бойынша өз міндеттемелерінің кез келгенін орындамауының тікелей немесе жанама нәтижесі болып табылмайды; және

(d) Сатушы Сатып алушыға осындай жаңылыстың және оның Сатушының Жел электр станциясының Қосылу нүктесіне Пайдалы шығыс электр энергиясын жеткізу, Жел электр станциясының Қосылу

нүктесінде Зарядтық энергияны алу, немесе Жел электр станциясының Қосылу нүктесіне Жіберу энергиясын жеткізу қабілетіне тигізетін әсерінің сипаттамасын қамтитын шапшаң хабарлама жолдады.

"Заңды талаптар" (*Legal Requirements*) барлық Заңнаманы, Үкімет рұқсаттарын және басқа лицензияларды, рұқсаттарды, мақұлдауларды және келісімдерді, сондай-ақ тиісті Тарапқа тікелей қолданылатын кез келген сот тыйымдарын немесе қаралып отырған мәселе бойынша юрисдикциясы бар кез келген Мемлекеттік органның шағымдануға жатпайтын түпкілікті шешімдерін білдіреді, мұнда:

"Заңнама" (*Law*) кез келген Мемлекеттік орган қабылдаған, шығарған немесе жариялаған, көпшілікке қолжетімді немесе мұндай Заңнама қолданылатын Тарап нақты ақпаратқа ие мүдделі Тарапқа тікелей қолданылатын кез келген қаулыны, бұйрықты, заңды, статутты, актіні, жарғыны, ережені, директиваны (заңдық күші бар дәрежеде), бұйрықты, шағымдануға жатпайтын түпкілікті шешімді, шартты, кодексті немесе қаулыны (денсаулық пен қауіпсіздік мәселелеріне, сыбайлас жемқорлыққа қарсы немесе монополияға қарсы заңдарға, салықтарға немесе кез келген экологиялық заңға қатысты жоғарыда айтылғандардың кез келгенін қоса алғанда), жоғарыда аталғандардың кез келген түсіндірмесін, оның ішінде оларға енгізілген түзетулерді, өзгертулерді, толықтыруларды, алмастыруларды немесе қайта күшіне енгізуді білдіреді;

"Үкіметтік рұқсаттар" (*Government Authorisations*) осы Келісімді, кез келген басқа Жобалық келісімді немесе кез келген Қаржыландыру құжаттарын рәсімдеу, жеткізу және орындау үшін, сондай-ақ Жобалық келісімдерге сәйкес Жобаны іске асыру және пайдалану үшін қажетті кез келген Мемлекеттік органның алынуға немесе берілуге қажетті барлық қаулыларды, бас тартуларды, артықшылықтарды (Рұқсаттарды қоса алғанда) және құжаттарды білдіреді.

"Рұқсат" (*Consent*) Жобаға қатысты кез келген Мемлекеттік органның алынуы қажет кез келген мақұлдауды, келісімді, санкциялауды, хабарламаны, табыстауды, растауды, келісімді, лицензияны, рұқсатты, шешімді немесе ұқсас құжатты білдіреді; және

"Мемлекеттік орган" (*Government Authority*) Үкіметті, оның ішінде Үкіметтің атқарушы, заң шығарушы, сот, реттеуші немесе әкімшілік функцияларын жүзеге асыратын кез келген мемлекеттік ұйымды, ведомствоны, агенттік, басқарманы, корпорацияны, комитетті немесе комиссияны немесе кез келген тәуелсіз реттеуші органды және жоғарыда аталғандардың кез келгенінің мирасқорын немесе өкілін білдіреді.

"Басқарушылық бақылау" (*Management Control*) шарт себебінен немесе басқа жолмен дауыс беретін бағалы қағаздарды иелену арқылы Сатушының шешімдерін немесе саясатын тікелей немесе жанама түрде анықтау мүмкіндігін білдіреді.

"Өлшенген орташа пайдалануға дайындық" (*Measured Average Availability*) ЖКПК-ден басталатын әрбір Келісімшарттық жылдағы Жел электр станциясының орташа пайдалануға дайындығын және ЭЭССШ-ке қосымшаларда анықталатын әдістемеге сәйкес Қолданылу мерзімі ішіндегі есептелген әрбір тиісті жылдық күнді білдіреді.

"Ең төменгі қабылдау қуаты" (*Minimum Acceptance Capacity*): (i) Жел электр станциясына қатысты, ЭЭССШ-ке қосымшаларда айқындалатын Жел электр станциясына қатысты тексеру және сынау талаптарына сәйкес Сатушы Коммерциялық пайдалануды бастауға арналған ең соңғы мерзіміне қол жеткізуге тиіс МВт-пен көрсетілген Келісімшарттық жел қуатының тоқсан пайызын (90%); және (ii) Жинақтаушы қондырғыға қатысты, ЭЭССШ-ке қосымшаларда айқындалатын Жинақтаушы қондырғыға қатысты тексеру және сынау талаптарына сәйкес Сатушы Коммерциялық пайдалануды бастауға арналған ең соңғы мерзіміне қол жеткізуге тиіс МВт_{AC}-пен көрсетілген Келісімшарттық жел қуатының тоқсан пайызын (90%) білдіреді.

"Пайдалы шығыс электр энергиясы" (*Net Power Output*) Жел электр станциясының Қосылу нүктесінде өлшенген, кез келген қосалқы қажеттілікке меншікті тұтынудың шегерілуімен, Жел электр станциясының Қосылу нүктесіне жеткізілетін Жел электр станциясы өндіретін электр энергиясын білдіреді.

"Жинақтаушы қуат қолжетімділігінің факторы" (*Storage Availability Factor*) (i) тиісті Келісімшарттық жыл кезеңіндегі сағаттардың жалпы санына бөлінген (ii) тиісті Келісімшарттық жыл кезеңінде жинақтаушы қуат қолжетімді болатын Сағаттар саны ретінде есептелген пайызды білдіреді.

"Жинақтаушы қуат қолжетімді болатын сағаттар" (*Storage Available Hours*) төмендегіні білдіреді:

(gg) Жинақтаушы қондырғы Электр беру жүйесіне электрлік тұрғыдан қосылған және Зарядтық энергияны алуға, Жіберу энергиясын жеткізуге және Қолжетімді жинақтаушы қуатты өзге жолмен қамтамасыз етуге қабілетті болған сағаттар саны және (салмақталған негізде пропорционалды ішінара қолжетімділік сағаттарын қоса алғанда), плюс

(hh) Жинақтаушы қондырғы мына әрекеттердің нәтижесінде Электр беру жүйесіне қосылмаған немесе Зарядтық энергияны алуға, Жіберу энергиясын жеткізуге немесе Қолжетімді жинақтаушы қуатты басқа жолмен қамтамасыз етуге қабілетсіз болатын сағаттар саны:

(i) форс-мажор;

(ii) авариялық жағдай;

(iii) Сатып алушының тәуекел оқиғалары немесе Саяси форс-мажор оқиғалары;

(iv) Сатып алушының кешіктіруі немесе Сатып алушының ЭССШ-ті бұзуы;

(v) Жинақтаушы қуаттың зарядтау деңгейі Техникалық шектеулерде көрсетілген ең төменгі мәнге жеткен, және Сатып алушыдан алынған электр энергиясын жіберу туралы алдыңғы Хабарламалар салдарынан одан әрі разрядталу қабілетсіздігі;

(vi) Жинақтаушы қуаттың зарядтау деңгейі Техникалық шектеулерде көрсетілген ең жоғары мәндерге жеткен, және Сатып алушыдан алынған зарядтау туралы алдыңғы Хабарламалар салдарынан одан әрі зарядталу қабілетсіздігі;

(vii) Жинақтаушы қондырғы әрбір Келісімшарттық жылда күніне екі (2) циклдан аспайтындай 30 күн пайдаланыла алатынын ескере отырып, Жинақтаушы қондырғы күніне бір бүтін оннан бір (1.1) циклден және Келісімшарттық жылда төрт жүз (400) циклден асырмай ең жоғары жүктемемен пайдаланылады;

(viii) Жинақтаушы қуаттың сынақтарын жүргізу;

(ix) Сатып алушының талабы бойынша Жинақтаушы қондырғыны токтату (Жинақтаушы қондырғы жұмыс күйінде болып тұр, бірақ Сатып алушының сауалы бойынша жұмыс істемей тұр); және

(x) ЭССШ-ке қосымшада көрсетілетіннен тыс алаңдағы қоршаған орта жағдайлары.

Жинақтаушы қуат қолжетімді болатын сағаттар әдетте SCADA жүйесінің ескерілуімен есептеледі.

"Электр беру жүйесі" (*Transmission System*) Қазақстан Республикасының электр беру жүйесінің жоғары вольтты ұлттық электр желісін білдіреді, және ол ЭССШ мақсаттары үшін ЭПШ-ның немесе ол қалай аталса да, ЭБЖЖО-пайдалану және техникалық қызмет көрсетуге қатысты кез келген басқа алмастырушы келісімнің бүкіл қолданылу мерзіміне ЭБЖЖО-ның КПК-мен ЭБЖЖО-ны қамтитын болып саналады.

Қосымша

Бұзу жағдайлары, Бұзу құқығы, Табыстау нұсқалары және Бұзу құны

	Бұзу жағдайлары	Бұзу құқығы	Табыстау нұсқалары	Бұзу құны
1.	Белгіленген мерзімде Жабылу күніне кідіртпелі талаптарды орындамау	Тараптардың кез келгені жазбаша хабарлама жолдау арқылы шартты бұза алады.	Қолданылмайды	Қолданылмайды. Міндеттемелердің орындаушылығы тек Сатып алушыға байланысты себептермен орын алған болса, Сатып алушы Сатушыға негізделген және лайықты түрде құжатталған әзірлеу шығындарын өтеуге міндетті болу <i>шартымен</i> шартты бұзу тараптардың ешқайсысы үшін жауапкершілікке

				әкеліп соқтырмайды .
2.	Сатушының міндеттемелерді орындамау оқиғасы	Сатушыда осындай мерзім ішінде қалпына келтіру құқығының бар болу шартымен Сатып алушы 30 күн бұрын (немесе көрсетілуі немесе келісілуі мүмкін ұзағырақ мерзімде) жазбаша хабарлама беріп, шартты бұза алады.	Сатып алушы Жобаны сатып алуға құқылы, бірақ міндетті емес.	Бас Кредитордың талаптары (яғни, Негізгі сома <i>плюс</i> Есептелген пайыз <i>плюс</i> Шоттағы Қалдықтың <i>шегерілуімен</i> Алдын ала төлем бойынша шығындар); <i>плюс</i> Бөлінген, бірақ әлі де енгізілмеген меншікті капиталдың шегерілуімен жиынтық сома; <i>минус</i> Сақтандыру түсімдері.
3.	Сатып алушының міндеттемелерді орындамау оқиғалары	Сатып алушыда осындай мерзім ішінде қалпына келтіру құқығының бар болу шартымен Сатушы 30 күн бұрын (немесе көрсетілуі немесе келісілуі мүмкін ұзағырақ мерзімде) жазбаша хабарлама беріп, шартты бұза алады.	Сатушы Сатып алушыдан Жобаны сатып алуды талап етуге құқылы, бірақ міндетті емес.	ЖКПК-ге дейін: Бас Кредитордың талаптары; <i>плюс</i> Қатысушылардың (акционерлердің) салымдары; <i>плюс</i> Қатысушылардың (акционерлердің) Салымдарының жылдық сомасына есептелген, Қаржылық жабылудың соңғырақ күнінен ж ә н е Қатысушылардың (акционерлердің) осындай Салымдарды енгізу күніне бастап жыл сайын көбейтіліп тұратын, Қаржылық үлгіде көрсетілген Меншікті капитал бойынша ішкі табыстылық нормасына тең сома; <i>плюс</i> Шартты бұзу шығындары; <i>минус</i> Сақтандыру түсімдері. ЖКПК-ден кейін:

				Бас Кредитордың талаптары; <i>плюс</i> Қатысушылардың (акционерлердің) ақша ағынының Таза келтірілген құны (<i>NPV</i>); <i>плюс</i> Шартты бұзу шығындары; <i>минус</i> Сақтандыру түсімдері.
4.	Сатып алушыға әсерін тигізетін ұзаққа созылған (яғни 360 үздіксіз күн немесе одан да көп) форс-мажор (соның ішінде форс-мажор жағдайлары нәтижесінде туындайтын Электр беру жүйесінің форс-мажоры)	Егер Сатып алушы Шартты Пайдалы шығыс электр энергиясы, Шартты Қолжетімді жинақтаушы қуат және ЭБЖЖО үшін төлеуді жалғастыруды шешім қабылдаса, Сатушы шартты бұза алмайды деген <i>шартпен</i> кез келген тарап 60 күн бұрын жазбаша хабарлама жіберіп шартты бұза алады.	Сатушының бұзуы: Сатушы Сатып алушыдан Жобаны сатып алуды талап етуге құқылы. Сатып алушының бұзуы: Сатып алушы Жобаны сатып алуға міндетті.	С Құны , яғни: Бас Кредитордың талаптары; <i>плюс</i> Шартты бұзу шығындары; <i>минус</i> Қатысушылардың (акционерлердің) Салымдарының сомасынан асатын Сақтандыру түсімдері.
5.	Сатушыға әсерін тигізетін ұзаққа созылған (яғни 360 үздіксіз күн немесе одан да көп) форс-мажор (соның ішінде форс-мажор жағдайлары нәтижесінде туындайтын Электр беру жүйесінің форс-мажоры)	Сатып алушы 60 күн бұрын жазбаша хабарлама жібергеннен кейін шартты бұза алады.	Сатып алушы Жобаны сатып алуға міндетті.	С Құны
6.	Сатып алушыға әсерін тигізетін ұзақ мерзімді (яғни, 360 үздіксіз күн немесе одан да көп) Саяси форс-мажор немесе Сатып алушының тәуекелі оқиғасы	Егер Сатып алушы Шартты Пайдалы шығыс электр энергиясы, Шартты Қолжетімді жинақтаушы қуат және ЭБЖЖО үшін төлеуді жалғастыруды шешім қабылдаса, Сатушы шартты бұза алмайды деген <i>шартпен</i> кез келген	Сатушының бұзуы: Сатушы Сатып алушыдан Жобаны сатып алуды талап етуге құқылы. Сатып алушының бұзуы: Сатып	В Құны

		Тарап 60 күн бұрын жазбаша хабарлама жібергеннен кейін шартты бұза алады.	алушы Жобаны сатып алуға міндетті.	
7.	Сатушыға әсерін тигізетін ұзақ мерзімді (яғни, 360 үздіксіз күн немесе одан да көп) Саяси форс-мажор немесе Сатып алушының тәуекелі оқиғасы	Сатып алушы 60 күн бұрын жазбаша хабарлама жібергеннен кейін шартты бұза алады.	Сатып алушы Жобаны сатып алуға міндетті.	В Құны
8.	Форс-мажор тудырған Зақымдану оқиғасынан кейін Қондырғыны реконструкциялау, жөндеу немесе қалпына келтіру мүмкін еместігі туралы келісу немесе анықтау	Тараптардың кез келгені 60 күн бұрын жазбаша хабарлама жібергеннен кейін шартты бұза алады.	Жобаны табыстау ескерілмеген (және Сатушы ИтК-ға с ә й к е с пайдаланудан шығаруға тиіс).	Қолданылмайды
9.	Саяси Форс-мажор немесе Сатып алушының тәуекелі оқиғасы тудырған Зақымдану оқиғасынан кейін Қондырғыны реконструкциялау, жөндеу немесе қалпына келтіру мүмкін еместігі туралы келісу немесе анықтау	Тараптардың кез келгені 60 күн бұрын жазбаша хабарлама жібергеннен кейін шартты бұза алады.	Сатып алушы Жобаны сатып алуға міндетті.	В Құны
10.	Қолданылу мерзімінің аяқталуы	Қолданылу мерзімі өткеннен кейін автоматты түрде.	Жобаны табыстау көзделмеген.	Қолданылмайды